



# Ұлыстың Ұлы күні Құтты болсын!

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 11  
(1274)

20.03.2026

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru  
alatau\_gazeti  
alatau\_gazeti

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

## КӨРМЕ МЕН ФЕСТИВАЛЬ ӨТКІЗІЛІП, АРНАЙЫ ФОТОАЙМАҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ АЯСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ КИІМ КӨРМЕСІ, ФЕСТИВАЛЬ, КІТАП КӨРМЕСІ МЕН ЧЕЛЛЕНДЖЕР ЖӘНЕ АРНАЙЫ ФОТОАЙМАҚТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ ОСЫ КҮНІ БІРҚАТАР ЖЕТІСУЛЫҚ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Талдықорған қаласындағы Арбат жаяу жүргіншілер аймағы Наурыз мерекесі мен оның символдарына арналған үлкен фотоаймаққа айналды. Ерекше атмосфераны бүркітшілер, тазы өсірушілер, батырлар мен ұлттық нақыштағы әсем киім киген қыздар қалыптастырды.

Сонымен қатар киіз үй мен гүл көмкерген дала стилінде безендірілген фотоаймақтар ұйымдастырылды. Келушілер қалаған қатысушымен қалаған локацияда естелікке суретке түсу мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шараға «Талдықорған әуендері» ансамблінің музыканттары ерекше рең берді. Олар жарқын ұлттық киімдерін киіп, қала тұрғындары мен қонақтарымен қуана суретке түсті.

Сондай-ақ аға буын өкілдері «Ақ дариға әжелер» ансамблі ерекше жылылық сыйлады. Бұл ұжымның құрылғанына он жылдан астам уақыт болған. Мұнда 38-82 жас аралығындағы әжелер өнер көрсетеді.

Өз кезегінде «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің өкілдері де ұлттық киімнің әсемдігін көрсетті. Бірлестіктің құрамында шамамен 250 адам бар және ол бүкіл облыс аумағында жұмыс істейді. Олар мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып, алаша тоқу, жұлн тұту, текемет жасау сияқты халықтық қолөнер түрлері бойынша шеберлік сабақтарын өткізеді.

Ұйымның қызметі балабақша тәрбиеленушілерінен бастап жоғары оқу орындарының студенттеріне дейінгі барлық жас санатын қамтып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайтуға үлес қосып келеді.

Наурызнама аясында Талдықорғандағы Көркемөнер галереясында аталған мәдениет мекемесі мен «Жетісу өлкетанушылар орталығы» ҚБ бірлесіп «Ұлттық киім – ұлт

құндылығы» атты фестиваль өткізді.

Фестивальда ұлттық киім түрлері көрсетілді, сондай-ақ «Аламан құрақ» республикалық жобасына қатысқан жетісулық қолөнер шеберлері Дүниежүзілік рекордтар кітабына енгенін растайтын арнайы медальмен марапатталды.

Марапатқа ие болғандардың бірі Жанат Ормашева ой бөлісті:

*«Жетісу облысы атынан «Аламан құрақ» жобасына 21 құрақшы қатыстық, мен біздің өңірден барған сол топқа жетекшілік еттім. Жобада Қазақстан бойынша 660 құрақшы бір қолдан шыққандай, бір түсті, бір өлшемдегі бірдей көрпе дайындап, «Медеу» мұз айдынына апарып төседік. Бұл оқиға Дүниежүзілік рекордтар кітабына енгізілді. Жалпы өзім құрақ көрпе тігумен айналысамын. Қазақтың қолөнерін, әсіресе құрақ өнерін ұмыт қалдырмай, ұрпаққа жеткізу – біздің негізгі мұратымыз. Құрақ – тек ұсақ қиықтарды кәдеге жарату ғана емес, олардан өнер туындысы ретінде әрі көркем, әрі қажетті дүние жасап шығару. Құрақтың түпкі мағынасы – бірігу, тұтастыру дегенді білдіреді, - дейді тігінші.*

Осы күні Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде ұлттық киім тақырыбына арналған көрме өткізіліп, онда әйел адамның бас киімі – кимешектердің түрлері таныстырылды. Көрменің ерекшелігі сол, дәстүр мен заманауи технологияның үйлестірілуі келушілердің ерекше қызығушылығын туғызды. Ниет білдірушілер QR-код арқылы әр экспонат туралы толық ақпаратпен өз бетінше таныса алды. Сонымен қатар зерттеуші, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі, этнодизайнер Тілек Сұлтаннның кимешектің

мән-мағынасы туралы ғылыми еңбектеріне сүйене отырып дайындалған мазмұнды мәлімет LED экран арқылы ұсынылды.

Кимешек – тек тұрмыстық бұйым емес, ол – аналық инат пен тектіліктің белгісі. Ұлттық киімдерді жай ғана көрсетіп қою жеткіліксіз, оның мәнін де түсіндіру маңызды. Кимешек – әйелдің тұрмыста екенін, аналық мәртебесін білдіретін символ іспетті. Әсіресе, әр өңірдің ерекшелігі мен әйелдің жасына қарай кимешектің өз түсі, түрі, оюлары болған. Мәселен, кимешектің өрнектері, кестесі, жібі мен матасына қарап әйелдің қай өңірден екенін немесе жас шамасын, оның қоғамдағы статусын айқындап тұрады. Жетісуда ұзындығы 14 метр болатын кимешек болса, ал оңтүстік өңірлерде 5-7 метрден 40-50 метрге дейін жетететін кимешектер кездескен. Біз мән-мазмұны терең осындай кимешектердің үлгілерін таныстыру арқылы жас ұрпақтың танымын кеңейтуді мақсат еттік, - дейді музейдің аға ғылыми қызметкері Айгүл Әлімбаева. Атап өтсек, бұл көрме наурыз айының соңына дейін жалғасады.

Сол сияқты осы күні Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапханада ұлттық мұраларға арналған кітаптардың көрмесі өткізіліп, зерттеушілердің еңбектері кеңінен таныстырылды.

Сонымен қатар өңірдегі еңбек ұжымдары мен мекемелердің қызметкерлері ұлттық киімге арналған челленджге белсенді түрде қатысты.

Бұл іс-шаралардың барлығы ұлттық киімнің жай киім емес, ұрпақтар сабақтастығының символы екенін айқын көрсетті. Ол халқымыздың бай мәдениеті мен рухани құндылықтарын еске салып қана қоймай, күн сайын жаңарып, дамып келе жатқан мұра екенін дәлелдеді.



«Алатау» газетінің келесі нөмірі мерекелік демалыс күндеріне байланысты сәуір айының 3-і күні шығады.

## ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### КӨЛІК САЛЫҒЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Жетісу облысында көлік салығын есептеу тәртібіне өзгерістер енгізілді. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Салық кодексіне сәйкес, енді көліктің жасына қарай салық мөлшері төмендейді.

Атап айтқанда, 10–20 жыл пайдаланылған автокөліктерге 0,7 коэффициенті қолданылып, салық 30%-ға азаяды. Ал 20 жылдан асқан көліктер үшін 0,5 коэффициенті енгізіліп, төлем екі есе қысқарады. Сонымен қатар қозғалтқыш көлемі 3000–4000 текше см болатын көліктерге салынатын мөлшерлеме 35 АЕК-тен 15 АЕК-ке дейін төмендетілді.

Жеңілдіктер ауыл шаруашылығы саласына да қатысты: енді шаруа қожалықтары бір пикап көлігі үшін салық төлемейді. Бұдан бөлек, әлеуметтік санаттағы азаматтар үшін бұрынғы жеңілдіктер сақталған.

Мамандардың мәліметінше, 2025 жылы облыста 130 мыңнан астам адамға 4,2 млрд теңге көлемінде көлік салығы есептелген. Жеке тұлғалар бұл салықты 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін төлеуі тиіс. Уақытында төленбеген жағдайда өсімшөл есептеледі.

### ДӘРІГЕРЛЕРДІ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Талдықорған қаласы прокуратурасы денсаулық сақтау саласындағы еңбек заңдылығының сақталуына ерекше назар аударуда. Жақында жүргізілген тексеріс барысында қаладағы «Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасында» жүйелі заңбұзушылықтар анықталып, 700-ден астам медициналық қызметкердің құқықтары бұзылғаны белгілі болды.

Прокуратура мәліметінше, кейбір дәрігерлер 24 сағаттық кезек ұстағаннан кейін бірден жұмысқа шақырылып, үзіліссіз жұмыс істеуге мәжбүр болған. Бұл тек дәрігерлердің денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, науқастардың қауіпсіздігіне де қауіп төндірген. Сонымен қатар, 2026 жылғы қаңтар айында кейбір қызметкерлер 216 сағаттан астам артық жұмыс істеген, ал заң бойынша бұл шек айтарлықтай төмен.

Қаржылық әділетсіздік те орын алған: артық жұмыс үшін төлем заңда белгіленгендей бір жарым еселеніп төленбей, бірдей мөлшерде берілген.

Прокуратураның әрекеті нәтижесінде 700-ден астам қызметкердің құқықтары қалпына келтіріліп, тиісті төлемдер есептелді. Заң бұзған жауапты тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды.

### НАУРЫЗДА ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Келе жатқан Наурыз мейрамы қарсаңында санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары тұрғындарды тағамнан улану қаупінен сақ болуға шақырады. Өсіресе адам өміріне аса қауіпті ботулизм ауруының алдын алу маңызды.

Мамандардың мәліметінше, өткен жылы өңірде ботулизмнің бір жағдайы тіркеліп, екі адам зардап шеккен. Аурудың себебі – үй жағдайында дайындалған консервіленген өнім. Ботулизм жүйке жүйесін зақымдайтын ауыр инфекция, оның алғашқы белгілеріне көрудің нашарлауы, жұтыну мен сөйлеудің қиындауы, бұлшықеттердің әлсіреуі жатады. Мұндай белгілер байқалса, дереу дәрігерге жүгіну қажет.

Мерекелік күндері көшпелі сауда орындарында тағам сатып алғанда сақтық шараларын ұмытпау керек. Рұқсат етілмеген жерлерден үй консервілерін алмау, өнімнің жарамдылық мерзімі мен қаптамасына назар аудару – қауіпсіздіктің негізгі кепілі. Сондай-ақ, жеке гигиенаны сақтау, қолды жиі жуу немесе антисептик қолдану маңызды.

Кәсіпкерлерге де талап күшейтіледі: дайын тағамдар 3 сағат ішінде сатылуы, тасымалдау кезінде арнайы жағдайлар сақталуы тиіс. Сатушылар медициналық тексеруден өтіп, санитарлық талаптарды толық орындауы қажет.

### ТАЛДЫҚОРҒАНДА НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНАДЫ

Талдықорған тұрғындары мен қонақтары 22 наурыз күні сағат 10:00-де «Жастар» саябағы аумағында Наурыз мейрамы мерекесіне шақырылады.

Бағдарламада киіз үйлер қалашығы, ұлттық тағам Наурыз көже, салт-дәстүр көріністері, цифрлық және IT-жобалар, гуманоид роботтар таныстырылады. Мемлекеттік ту алаңында балалар көрмесі өтеді, ал белсенділер ұлттық спорттық ойындарға қатыса алады.

Сонымен қатар «Наурыз базары» жәрмеңкесі, гала-концерт, туристік «Visit Zhetysu» көрмесі жоспарланған. Кешкі сағат 19:00-де хедлайнер өнер көрсетіп, 21:30-да мереке оташумен аяқталады.

### ТАЛДЫҚОРҒАНДА ТҰРҒЫНДАРҒА ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

Наурызнама онкүндігі аясында «Шаңырақ күні» мерекесі қарсаңында 18 наурыз күні сағат 15:30-да Қ. Жалайыр даңғылы, №24 мекен-жайында тұрғын үй кезегінде тұрған 40-тан астам азаматқа пәтер кілттерін табыстау рәсімі өтті.

Шара тұрғындардың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған маңызды іс-шара болып, жаңа пәтерлерді алу қуанышын барша қатысушылармен бөлісуге мүмкіндік берді. Бұл бастама Наурыз мерекесінің рухына сай отбасы мен шаңырақ құндылықтарын дәріптеуге арналған.

### КӨРІСУ КҮНІ МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алақөл ауданы бойынша шекара басқармасында әйелдер кеңесінің бастамасымен Наурызнама жалпыұлттық онкүндігі аясында 14 наурыз – Көрісу күні (Амал мерекесі) және 15 наурыз – Қайырымдылық күніне арналған іс-шара өтті.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

## МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және заң мен тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады. Марапатқа әртүрлі салада табысты еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері және өзге де мамандар ие болды.

Марапатталғандардың қатарында жоғары лауазымды тұлғалар бар. Атап айтқанда, Олжас Бектенов, Ерлан Қошанов, Мәулен Әшімбаев, Ерлан Карин, Аида Балаева және Нұрлан Әбдіров мемлекеттік наградаларға ие болды.

Сонымен бірге құқық қорғау саласының басшылары – Берік Асыллов пен Ержан Сәденов те марапатталды. Парламент депутаттары Айдос Сарым мен Ринат Зайытов та Президент қолынан награда алды.

Сонымен қатар, Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнар Тойлыбаева «Парасат» орденімен марапатталды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»



## ЖАС САЯСАТКЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАЙТЫН ЖАҢА ЖОБА



Жетісу облысында жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуын арттыру мақсатында «Жас саясаткер мектебі» атты жаңа білім беру жобасы іске қосылды. Бұл туралы «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» төрағасы Дәулет Ауданбаев пен облыстық Қоғамдық даму басқармасының өкілі Жанерке Бексеитова мәлімдеді.

Наурыз айынан маусымға дейін жалғасатын жоба жас көшбасшылардың кадрлық резервін қалыптастыруға бағытталған. Қатысушылар мемлекеттік басқару, заң шығару үдерісі, жергілікті өзін-өзі басқару және саяси жобалау бағыттары бойынша білім алып, тәжірибелік дағдыларын жетілдіреді.

Бағдарламаның ерекшелігі – теория мен практиканы ұштастыру. Үздік шыққан 10 қатысушыға 100 мың теңге көлемінде сыйақы берілсе, 30 тыңдаушыға арнайы сертификат табысталады. Сонымен қатар, өңірдің қала-аудандарында көшпелі кездесулер ұйымдастырылып, өзекті мәселелер талқыланады.

Жобаға қатысу конкурстық негізде жүзеге асады. Үміткерлердің қоғамдық белсенділігі мен ынтасы басты назарға алынады. Жоба қорытындысында 200-ге жуық қатысушыны қамтитын ауқымды сессия өтіп, жас саясаткерлердің жаңа буыны қалыптасады деп күтілуде.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## ОҚЫС ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК КҮШЕЙТІЛДІ



Жетісу облысында көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қаратал және Балықты өзендерінің қауіпті учаскелері тазартылып, жағалаулар бекітілуде. Қаратал өзенінде инертті материал қоры дайындалып, бірқатар аумақта арнаны тазарту мен жағалауды нығайту жалғасады. Барлығы 7 эвакуациялық пункт әзірленіп, арнайы техника тартылған.

Қала мен ауылдық округтерде арық-канал желілері тазартылып, кәсіпорындармен төтенше жағдайға

дайындық бойынша келісімдер жасалған.

Сонымен қатар өңірде өрт қауіпсіздігі мәселесі өзекті. Жыл басынан бері 68 өрт тіркеліп, көрсеткіш азайғанымен, зардап шеккендер саны артқан. Жылыту маусымында 97 өрт болып, адам шығыны тіркелді. Өрттің негізгі себептері – электр сымдарының қысқа тұйықталуы мен пешті дұрыс пайдаланбау.

Алдын алу үшін 2463 газ датчигі орнатылып, халық арасында кең түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мамандар тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырады.

### КІТАПХАНАДАҒЫ ШАРА

## ШАҢЫРАҚ - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Наурыз мерекесінің онкүндігі аясында 17 наурыз күні Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалында «Шаңырақ – береке бастауы» атты «Шаңырақ story» танымдық шарасы кітапхана оқырмандарымен ұйымдастырылды.

Аталған шараға кітапхана оқырмандары ұлттық құндылықтар туралы мазмұнды мағлұмат алды.

Шара барысында «шаңырақ» ұғымының терең мағынасы кеңінен түсіндірілді. Шаңырақ — қазақтың киіз үйінің ең жоғарғы бөлігі ғана емес, ол – отбасының бірлігін, берекесін, ұрпақ жалғастығын білдіретін қасиетті нышан екені айтылды. Сонымен қатар, Шаңырақ күні отбасы мен татулықтың, ұлттық дәстүрлердің мерекесі екені ерекше атап өтілді. Бұл күні адамдар отбасы мүшелерімен бас қосып, ұлттық тағамдар әзірлеп, бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, ата-баба дәстүрін жаңғыртатыны жөнінде ақпарат берілді. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, сұрақ-жауапқа қатысып, өз ойларымен бөлісті. Танымдық бағыттағы тапсырмалар мен шағын көріністер арқылы балалардың қызығушылығы артып, шара мазмұны одан әрі жандана түсті. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, отбасылық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелейді.

Г.СЕЙЛХАНОВА,  
Кітапханашы

# ОЗВУЧЕНЫ ИТОГИ ГОЛОСОВАНИЯ РЕФЕРЕНДУМА ПО НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ

**Комиссия референдума (ЦКР) озвучили итоги голосования на референдуме по принятию новой Конституции, передаёт корреспондент Tengrinews.kz.**

По данным ЦКР, за принятие новой Конституции проголосовали 7 954 667 граждан. Это 87,15 процента от числа проголосовавших за принятие Конституции. «Против» высказались 898 099 человек. Таким образом Референдум считать состоявшимся - говорится в сообщении.

Президент Касым-Жомарт Токаев поздравил соотечественников с принятием новой Конституции. Глава государства заявил, что общенациональный референдум прошел на самом высоком уровне, открыто и справедливо.



## ПРЕЗИДЕНТ ОБЪЯВИЛ О ПРОВЕДЕНИИ ЕЩЁ ОДНОЙ АМНИСТИИ В КАЗАХСТАНЕ



**В Казахстане впервые проведут административную амнистию. Об этом сообщил глава государства Касым-Жомарт Токаев, выступая на торжественном мероприятии по случаю принятия новой Конституции. Амнистия коснётся уголовных и административных правонарушений, не представлявших угрозы безопасности граждан и государства – передает informburo.kz**

Президент отметил, что новая Конституция – это стратегический мандат доверия и новый общественный договор, устремлённый к долгосрочным целям и горизонтам прогресса.

"Поэтому можно уверенно сказать: наша страна вступает в качественно новый этап своего развития. Следовательно, предстоит перезагрузка взаимоотношений государства и граждан. В прошлом году, как вы знаете, состоялась уголовная амнистия, сейчас

мы можем провести дополнительную амнистию по ряду уголовных и административных правонарушений, не представлявших угрозы безопасности граждан и государства", – сказал Касым-Жомарт Токаев. Он назвал новую Конституцию прочной, неизбежной платформой для восхождения нашей нации к вершинам мировой цивилизации. "В этом у меня и, полагаю, у вас, сомнений нет", – заключил Касым-Жомарт Токаев.

## ФЛАГ КАЗАХСТАНА

### ПРИЗНАН САМЫМ КРАСИВЫМ В МИРЕ

**Пользователи одной из крупнейших в мире медиаплатформ Reddit приняли участие в турнире, где выбирали самый красивый флаг мира. Победителем стал казахстанский флаг, передает NUR.KZ.**

Сначала страны были разделены по группам в зависимости от географического положения, а затем турнир перетекал в состязание по олимпийской системе, когда победитель выходит в следующий этап, а проигравший выбывает.

Казахстан вышел из группы на первом месте из стран Центральной Азии, после чего опередил в очных голосованиях флаги Тонги, Эстонии, Монтенегро и Бразилии. В полуфинале флаг Казахстана был сильнее Сейшельских Островов, а в финале смог обойти символ Кирибати. Третье место по итогам голосования занял флаг Бутана.



## АЛАКОЛЬСКИЙ РАЙОН



### ДИНАСТИЯ ШУГАЕВЫХ

**В селе Жанама Алакольского района день выборов превратился в знаковое событие. На избирательный участок №54 пришла не просто группа избирателей, а целая династия – семья Шугаевых в составе 70 человек.**

Победители областного конкурса "Мерейлі отбасы – 2025" в очередной раз показали, что их почетный титул – не просто награда, а отражение их высокой гражданской ответственности. Дополнили атмосферу

праздника сельхозярмарки, развернувшиеся в Текели, Сарыозеке и других районах. Свежий курт, масло, горячие лепешки: жители региона совместили исполнение гражданского долга с приятными покупками по ценам от производителей.

## МЕДИКАМ НЕДОПЛАЧИВАЛИ ЗА ПЕРЕРАБОТКИ В ТАЛДЫКОРГАНЕ: ВИНОВНЫХ НАКАЗАЛИ

**Некоторые сотрудники клиники без отдыха трудились более суток. Медицинских работников в Талдыкоргане незаконно привлекали к сверхурочной работе, сообщили в прокуратуре Жетысуской области.**

В ходе анализа надзорный орган обнаружил, что сотрудники городской многопрофильной больницы после 24-часового дежурства без положенного отдыха между сменами продолжали трудиться. Также в медучреждении превышали месячный и годовой лимиты сверхурочных часов. В целом нарушения затронули права более 700 работников, – говорится в сообщении. Городская прокуратура внесла соответствующее представление, по итогам рассмотрения которого права медиков восстановили. Виновных должностных лиц привлекли к ответственности. Какой именно, не указали.



## КОРОТКО ОБО ВСЕМ

УРАЗА АЙТ 20 МАРТА

Духовное управление мусульман Казахстана обнародовало график проведения айт намаза в честь праздника Ураза байрам (Ид аль-Фитр), который в текущем году выпадает на пятницу, 20 марта.

Согласно исламской традиции, праздничный день начинается с коллективной молитвы, время совершения которой синхронизировано с географическими особенностями регионов республики – передает «Восточный экспресс 24». В городах Алматы, Шымкент, Астана и областных центрах молитвенные собрания пройдут в разное время. Жители юго-восточных и восточных территорий — Алматы, Алматинской, Восточно-Казахстанской, Павлодарской областей, а также регионов Абай и Жетысу — приступят к намазу в 07:00 по местному времени. Столичные верующие вместе с прихожанами Акмолинской, Жамбылской, Карагандинской, Северо-Казахстанской и Туркестанской областей, а также города Шымкент начнут молитву в 07:15. Для жителей Костанайской, Кызылординской областей и региона Улытау время начала айт намаза установлено на 07:30. Позже всех — в 08:30 — праздничную молитву совершат мусульмане Актюбинской, Атырауской, Западно-Казахстанской и Мангистауской областей.

### МЫ ВЕДЕМ РАЦИОНАЛЬНУЮ И ВЗВЕШЕННУЮ ВНЕШНЮЮ ПОЛИТИКУ

На республиканском форуме депутатов маслихатов всех уровней глава Казахстана Касым-Жомарт Токаев обозначил позицию нашей страны относительно меняющейся международной обстановке, – передает «Восточный экспресс».

По его словам, последние десять лет привели мир к критической точке, где ранее лишь осторожно высказываемые опасения о непредсказуемости будущего уступили место открытым предупреждениям о наступающей мировой войне, способной затронуть интересы всех наций. В связи с этим, как заявил президент, Казахстан будет проводить рациональную и взвешенную внешнюю политику, ориентированную на национальные интересы, укрепление мира и безопасности в регионе. Это, по его мнению, является необходимым условием для успешного продолжения внутренних реформ.

### МУРАЛ «АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ» ОТКРЫЛИ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

В Талдыкоргане появился мурал «Ата заңым – айбыным». Посвящён он новой Конституции. В церемонии открытия приняли участие члены коалиции, представители различных общественных объединений и активная молодёжь, передает «24KZ».

Мурал, посвящённый Основному закону страны, появился в микрорайоне «Болашак». Это один из новых и густонаселённых жилых массивов Талдыкоргана. Создала его группа молодых художников. А идея принадлежит студентскому омбудсмену Акерке Кызайбай. В художественной композиции отражены основы единства, справедливости, ответственности, уверенности в будущем и взаимного уважения, новая Конституция даст импульс развитию всех сфер общества. До конца этого года в Жетысу появятся ещё девять муралов. Их идейная нагрузка будет заключаться в популяризации программ «Таза Қазақстан», «Закон и порядок», а также национальных традиций.

### КАЗАХСТАНЦЫ ПОДКЛЮЧИЛИСЬ К СЕРВИСУ «СТОП КРЕДИТ»

Более 5 миллионов казахстанцев подключили «Стоп кредит». Сервис помогает защититься от мошеннических займов, сообщает Exclusive.kz со ссылкой на FinGramota.

В Казахстане был внедрен специальный механизм защиты — сервис «Стоп-кредит», позволяющий заранее запретить оформление займов на свое имя. По данным АО «Первое кредитное бюро», на сегодняшний день 5,1 млн граждан самостоятельно воспользовались этой возможностью, подав заявку на добровольный запрет от оформления банковских кредитов и микрозаймов. Главная ценность сервиса в том, что он не устраняет последствия, а помогает предотвратить проблему заранее. Вместо того чтобы потом доказывать, что кредит был оформлен мошенниками, человек может заранее исключить саму возможность его получения на свое имя.

### «ЯБЛОКО – БОЛЬШЕ НЕ ВИНО»: КАК НОВЫЕ ЗАПРЕТЫ ЕАЭС ИЗМЕНЯТ ЦЕННИКИ НА АЛКОГОЛЬ В КАЗАХСТАНЕ

Реализация этих мер потребует масштабных правок в Налоговый кодекс. Под председательством вице-премьера – министра национальной экономики Серика Жумангарина чиновники и эксперты обсудили пул критических вопросов: от рынка электроэнергии до акцизов на алкоголь, передает Qaz365.kz.

Согласно документу, который готовится к принятию, плодовые вина из яблок или груш могут официально перестать считаться «вином». Смена статуса влечет за собой автоматический переход в категорию продукции с гораздо более высокими акцизными ставками, что ставит под удар местных производителей. Чтобы не допустить резкого подорожания продукции и поддержать аграриев, правительство РК выработало защитную стратегию. Однако сохранение низких ставок будет сопровождаться ужесточением надзора. Власти опасаются появления нелегальных производств, которые могут использовать льготы для прикрытия низкачественного суррогата.

### ОТКАЗАН ВЫЕЗД ЗА ПРЕДЕЛЫ СТРАНЫ

Согласно оперативным данным, около 900 тысяч человек столкнулись с ограничениями на пересечение границы из-за имеющейся задолженности. Тенденция к увеличению числа таких граждан сохраняется, при этом наиболее острой проблемой остаются неплательщики алиментов – передает «Восточный экспресс 24».

Для оперативного погашения долгов и избежания неприятностей на границе должникам доступны цифровые сервисы, такие как Kaspi.kz и Post.kz, а также терминалы «Казпочты». После оплаты задолженности ограничение снимается в течение 30 минут. Проверить наличие запрета можно на официальном сайте Министерства юстиции или портале eGov.kz.

(Все материалы взяты из открытых источников)

# РЕФЕРЕНДУМ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

**15 НАУРЫЗ КҮНІ ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТТІ. БҰЛ САЯСИ НАУҚАН ЕЛДІҢ ДАМУ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ РЕТІНДЕ ТАРИХТА ҚАЛАРЫ СӨЗСІЗ. РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БЕЙЖАЙ ҚАРАМАЙТЫНЫН КӨРСЕТТІ ДЕГЕН ПІКІРЛЕРІН АЙТУДА ЛАУАЗЫМДЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР.**

Жалпы алғанда Қазақ елі осы уақытқа дейін 1926 жылғы Қазақ АКСР Конституциясын, 1937 және 1978 жылдардағы Қазақ КСР-інің Конституцияларын көрген.

Ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері 3 рет (1993, 1995, және 2022 жылдардағы түзетулермен) Конституция қабылдады немесе елеулі өзгерістерге ұшыратты.

Алғашқы 1993 жылғы Конституция 28 қаңтарда қабылданған, тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұңғыш Ата Заң. Екіншісі 1995 жылғы 30 тамызда референдум арқылы қабылданған, бүгінге дейін қолданыста болған негізгі заң. Ал 2022 жылы 5 маусымдағы республикалық референдум нәтижесінде Конституцияның 30-дан астам бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, бұл «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасына негіз болды.

Бірақ 1995 жылғы Конституцияға бұған дейін де (1998, 2007, 2011, 2017, 2019) бірнеше рет өзгерістер енгізілгенімен, 2022 жылғы реформа ең ауқымдысы болды.

## 2026 ЖЫЛ 15 НАУРЫЗ РЕФЕРЕНДУМЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сәйкес, дауыс беруге құқығы бар 12 482 613 мыңнан астам азаматтың – 73,12 пайызы референдумға қатысқан. Күннің алғашқы жартысында-ақ халықтың белсенділігі байқалған: мысалы, сағат 14:00-де қатысу көрсеткіші 51,93 пайызға жеткен. Кешкі сағат 20:00-де дауыс бергендер саны 9 миллионнан асқан көрінеді. Орталық комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіровтің мәлімдеуінше, референдумда дауыс беруге нақты - 9 127 192 адам қатысқан.

Дауыс беру қорытындысы бойынша қатысқан азаматтардың 7 954 667-ы немесе 87,15 пайызы жаңа Конституцияны қолдаған. Бұл нәтиже ұсынылған өзгерістерге қоғамның айқын сенім білдіргенін көрсетеді. Сонымен қатар, оң шешім елдің басым бөлігіндегі өңірлерде қолдау тапты (Ол туралы толық ақпаратты ұсынылған кестеден көре аласыздар).

Ал Референдумға шығарылған мәселені қабылдамаған азаматтар саны – 898 099 адам. Барлығы 146 558 бюллетень жарамсыз деп танылды.

### ӨЗГЕРІС

Жаңа Конституция негізгі заңның шамамен 84 пайызына өзгеріс енгізді. Ең маңызды жаңалықтардың қатарында вице-президент лауазымының енгізілуі, бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, сондай-ақ Халық кеңесі атты жаңа консультативтік органның құрылуы бар.

Президенттікке үміткерлерге қойылатын талаптар да күшейтіліп, мемлекеттік немесе сайланбалы қызметте кемінде бес жыл тәжірибе болуы міндеттелді. Сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, жеке деректер қауіпсіздігі, тіл мен дін мәселелері, отбасы институты және халықаралық келісімдерге қатысты нормалар нақтыланды.

Сарапшылардың пікірінше, бұл өзгерістер саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған. Алайда олардың тиімділігі қабылданған нормалардың іс жүзінде қалай жүзеге асатынына байланысты болмақ. Яғни, реформа қағаз жүзінде ғана емес, нақты өмірде де нәтиже беруі тиіс.



ОБЛЫС КӨРСЕТКІШІ

Жетісу облысында өткен референдум да қарқынды әрі ұйымдасқан түрде өтті. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев жұбайымен бірге Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында орналасқан №389 учаскеде дауыс беріп, өз таңдауын жасады. Өңір басшысы бұл науқанды ел болашағына әсер ететін маңызды қадам ретінде бағалады.

Өңір бойынша дауыс беруге құқығы бар тұрғындар саны 437 мыңнан асқан. Соның ішінде екі жарым мыңнан астам адам алғаш рет дауыс беріпті. Жалпы облыста 468 учаске жұмыс істеді. Оның 40-ы белгілі бір санаттағы азаматтарға арналған арнайы орындар – әскери бөлімдер, медициналық мекемелер мен басқа да жабық нысандарда



ұйымдастырылған.

Барлық дауыс беру орындары қажетті құралдармен толық жабдықталған. Кабиналар, жөшіктер, сондай-ақ бақылаушылар үшін жағдай қарастырылған. Ұйымдастыру жұмыстарының сапасына ерекше мән берілгені байқалады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қатысуы да назардан тыс қалмаған. Учаскелердің басым бөлігі бірінші қабатта орналасып, арнайы пандустар мен бағыттаушы белгілер орнатылған. Сонымен қатар көру қабілеті төмен жандарға арналған құралдар қойылып, арба пайдаланушыларға ыңғайлы кабиналар дайындалған. Талдықорған қаласында арнайы «Инватакси» қызметі жұмыс істеп, сурдоаудармашылар да тартылған.

Референдумның ашық өтуін қамтамасыз ету үшін облыста жүздеген комиссия жұмыс

мен Конституция жобасының екі тілдегі нұсқалары орналастырылды. Сонымен қатар онлайн қызметтер мен уақытша тіркеу орындары іске қосылып, тұрғындарға қолайлы жағдай ұсынылды.

Референдум күні алғаш келгендерге, алғаш рет дауыс берген жастарға және жасы үлкен азаматтарға шағын сыйлықтар берілді. Ал облыс тұрғындары үшін қоғамдық көлік сол күні тегін жүрді. Мұның бәрі халықтың белсенділігін арттыруға бағытталған шаралар ретінде ұйымдастырылды.

Референдум қорытындысы қоғамның өзгерістерге дайын екенін аңғартты. Жоғары қатысу мен қолдау деңгейі жаңа Конституцияның дәрежесін күшейтті. Ендігі негізгі міндет – осы реформаларды толық әрі тиімді жүзеге асыру. Бұл Қазақстанның саяси жүйесін жаңартып, азаматтардың

## 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ

Референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны	Дауыс беруге қатысқан азаматтар саны	Саяланды оң шешім үшін дауыс бергендер	Саяланды теріс шешім үшін дауыс бергендер	Жарамсыз деп танылған бюллетендер	Жарамды деп танылған, бірақ санау кезінде есепке алынбайтын бюллетендер		
Абай облысы	400 830	301 799	253 571	84,02%	40 484	3 621	4 123
Ақмола облысы	511 813	407 862	349 283	85,64%	48 822	4 649	5 108
Ақтөбе облысы	577 850	501 974	471 661	93,96%	13 659	9 437	7 217
Алматы облысы	1 030 876	735 496	591 412	80,41%	122 616	10 911	10 557
Атырау облысы	417 426	308 276	242 938	78,81%	54 652	5 825	4 861
Батыс Қазақстан облысы	446 999	307 456	250 311	81,41%	48 146	4 797	4 202
Жамбыл облысы	722 594	613 722	569 074	92,73%	29 041	8 100	7 507
Жетісу облысы	438 381	343 402	309 572	90,15%	24 047	5 253	4 530
Қарағанды облысы	758 931	638 421	535 127	83,82%	83 463	11 300	8 531
Қостанай облысы	537 586	435 848	391 148	89,74%	31 981	6 624	6 095
Қызылорда облысы	493 155	458 090	412 126	89,97%	36 364	4 946	4 654
Маңғыстау облысы	444 875	345 554	322 732	93,40%	9 303	7 844	5 675
Павлодар облысы	499 411	376 163	354 138	94,14%	11 588	5 565	4 872
Солтүстік Қазақстан облысы	365 390	257 172	213 722	83,10%	35 214	4 037	4 199
Түркістан облысы	1 189 002	997 273	919 617	92,21%	54 571	12 266	10 819
Ұлытау облысы	136 795	99 693	83 475	83,73%	12 992	1 614	1 612
Шығыс Қазақстан облысы	485 899	419 093	383 526	91,51%	23 020	6 621	5 926
Астана қаласы	1 012 840	615 310	531 149	86,32%	58 576	14 274	11 311
Алматы қаласы	1 314 844	437 850	312 437	71,36%	105 757	10 816	8 840
Шымкент қаласы	697 116	526 738	457 648	86,88%	53 803	8 058	7 229
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>12 482 613</b>	<b>9 127 192</b>	<b>7 954 667</b>	<b>87,15%</b>	<b>898 099</b>	<b>146 558</b>	<b>127 868</b>

істеді. Барлығы үш мыңға жуық адам ұйымдастыру ісіне тартылып, дауыс беру процесін бақылап отырды. Бұдан бөлек, қоғамдық бақылау да жүзеге асырылды.

Сайлаушыларға ақпарат алу мүмкіндігі де жасалған. Учаскелерде қажетті мәліметтер, түсіндірме материалдар

құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға мүмкіндік беруі мүмкін.


**Ғаламтор желісіндегі жаңалықтар негізінде материалды дайындаған: Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ**

## САЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

# ЖҰМЫСЫ ЖОҚ АДАМ САЛЫҚ ТӨЛЕЙ МЕ?

Қоғамда «жұмыссыз адам салық төлей ме?» деген сұрақ соңғы уақытта жиі қойылатын болды. Әсіресе салық жүйесіндегі өзгерістерден кейін бұл тақырып төңірегіндегі әңгіме тіпті үдей түсті. Бірі «міндетті түрде төлеу керек» десе, енді бірі «табыс жоқ болса, салық та жоқ» деген пікірде. Ақиқаты қайсы? Осы сауалға нақты жауап іздеп, Жетісу облыстық Кірістер департаментінің мамандарына жүгінген едік.

Мамандар ең әуелі басты қағиданы алға тартты. Салық – табыстан төленеді. Яғни, егер азамат еш жерде жұмыс істемесе, жеке кәсіпкер ретінде тіркелмесе, әрі өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде де есепте тұрмаса, онда оған табыс салығын төлеу міндеті жүктелмейді. «Егер азамат: еш жерде жұмыс істемесе; жеке кәсіпкер (ИП) ретінде тіркелмесе; өзін-өзі



жұмыспен қамтушы ретінде де тіркелмесе – онда салық төлеу міндеті туындамайды, себебі салық тек табыс болған жағдайда ғана төленеді», – дейді олар. Алайда бұл толықтай «ештеңе төлемейді» деген сөз емес. Егер азаматтың атына тіркелген мүлкі, жері немесе көлігі болса, онда сол үшін белгіленген салықтарды өтеу міндеті сақталады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға қатысты тәртіп біршама нақты әрі икемді. Егер адам ресми тіркелген болса,

оның төлемі тек нақты тапқан табысына байланысты есептеледі. Мамандардың айтуынша: «Егер салық төлеуші өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде тіркелген болса: Салық төлеушінің жеке мүддесіне алған табыс мөлшерінен әлеуметтік аударымдар ғана төленеді; табыс болмаған айда ешқандай төлем жасау қажет емес.

Яғни: табыс жоқ – төлем жоқ. Табыс бар – 4% әлеуметтік аударымдар төленеді.

Бұл 4% құрамына: 1% – зейнетақы жарнасы, 1% – жұмыс берушінің зейнетақы жарнасы, 1% – әлеуметтік аударым, 1% – медициналық сақтандыру кіреді». Бұл бір қарағанда аз көрінгенімен, бірнеше бағытты қамтитын кешенді төлем. Қарапайым тілмен айтсақ табыс жоқ болса – міндет жоқ, табыс бар жағдайда – тиісті мөлшерді өтеу керек.

Ал уақытылы төлем жасамау мәселесі – бөлек әңгіме. Мұнда мемлекет кешіріммен қарамайды. «Егер табыс бола тұра төлем жасалмаса, әр кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептеледі», – деп ескертуді де-

партамент өкілдері. Бұл өсімпұл Ұлттық банктің базалық ставкасына тәуелді және шамамен оның 1,25 еселенген мөлшерімен күн сайын қосылып отырады. Яғни, кешеуілдеген әр күн – салық төлеушінің қосымша шығынға әкеледі.

«Жалпы алғанда, қазіргі салық саясаты азаматтарды қысымға алу емес, керісінше оларды ашық әрі заңды жұмыс істеуге бағыттау мақсатын көздейді. Ережесі түсінікті: табысың бар ма – үлесіңді төле, табысың жоқ па – ешкім мәжбүрлемейді. Бірақ мүлік болса, оның өз міндеті бар», – деген байламға келеді мамандар.

Түйін біреу, оқырмандар ертеңін ойлар болса, ел арасындағы алыпқашпа әңгімеге емес, нақты ақпаратқа сүйенгені дұрыс. Себебі салықтағы тәртіпті дер кезінде түсініп, орындау маңызды. Әйтпесе қосымша шығынға ұшырауыңыз да мүмкін.

Гүлнұр БАЙМҰХАН

## ЛАБАСЫ ЕТЕГІ – БІРЛІКТІ ЕЛ МЕКЕНІ

**ЛАБАСЫ ЕТЕГІ -  
БЕРЕКЕ МЕКЕНІ,  
ЖЫЛ САЙЫН БҰЛ ЖЕРДЕ,  
МЕРЕКЕ ӨТЕДІ.  
УШАРАЛ ЖАРКЕНТТЕН,  
НАРЫҢҚОЛ, КЕГЕННЕН,  
ТАРАЗДАН, СЕМЕЙДЕН,  
ТҰЛПАРЛАР ӘКЕЛІП,  
БӘЙГЕ АЛЫП КЕТЕДІ.**



әулеті (Манапов Қоблан бас болып) барлық көшеге жаңартып асфальт төсеп берсе, Алмабеков Жұмабек мешіт үйін, қатымхана үйін өз қаржысымен тұрғызып берді. Осындай ауыл десе өз үйіндей көретін азаматтар мүмкіндіктеріне қарай көмектерін жасап тұрады. Биылғы Наурызға деген дайындық та жаман емес сияқты.



Жапашов Ербол

Барлық ауыл тұрмысына байланысты ортақ жұмыстарды ұйымдастырушы азаматтар, атап айтсақ: ауыл ақсақалдарының төрағасы - Биядилов Нұрқадыр, әрқашан белсенділік көрсетіп жүретін Нұрғазынов Бекбергел, Бітібаев Ғабиден, Нұртілеуов Қазбек, Бейсбеков Ғазиз, Серезанов Құдайбергел. Наурыз қарсаңындағы тігілген қазақ үйдегі дастархан мәзірін келістірушілер Сапақова Нұрғұл, Асқарбаева Гүлбар, Имашева Эльмира т.б. көптеген ауыл әйелдері ұйымдастыру барысында септігі тиіп жатады.

### ЖЫРЛАРЫ ЖАЛЫНДЫ, ІСТЕРІ ЖАҒЫМДЫ - ЖАМБЫЛ АУЫЛЫ

Жамбыл ауылы аудан орталығы Балпық Би кентінен 10-15 км шамасындағы қашықтықта республикалық автотранспорт жолына жақын орналасқан шағын ауыл. Табиғаты жаңға жайлы, адамдары ынтымақты, ауылдан шыққан ұлдары қайырымды. Бір ауылдық округте болғандықтан бұл ауылда да Талапты ауылы сияқты көп мәселелер ортақ шешімін тауып жатады. Ауылдағы ақсақалдар алқасының төрағасы Өмірбеков Асқар бастаған ауылдың жанашыр азаматтары Қуанбаев Қанат, Бұтабаев Рүстем, Жайбосынов Мадияр, Өмірбеков Сәкен сияқты тепсе темір үзетін жастар ауылдың әлеуметтік жағдайларына басшылық жасап келген мәселені шешіп келеді. Ауылдан көтеріліп шыққан ауқатты азаматтар демеушілік көрсетіп, қолұшын беруде. Достыбаев Ержан, Усманов Асхат ауылға ең қажеттіліктерді жасауға өз қалтасынан қаржы бөліп мүмкіндік жасады.

Мәселен, Достыбаев Ержан ауылға көрнекті етіп мешіт салып берді. Орталық көшенің асфальтын жаңартып, жаяу жүргіншіге



### ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР

арналған жол салып, бірдей материалмен қоршау жасатты. Былтырғы жылғы Наурыз қарсаңында жүлде қорына 1млн. тг ақшалай, сондай-ақ - 2 мотоцикл алып және 1 тай сыйлады.

Сол сияқты Усманов Асхат ауылдағы ескі клуб үйін күрделі жөндеуден өткізіп, спорт көшенін жасап, ішіндегі барлық керек-жарақтарымен түгелдей қамтамасыз етілді. Содан бері ауыл жастары күрестің самбо, дзюдо түрлерімен айналысуда, бапкері Серезанов Тәңірберген талай жарыстарға қатыстырып балалары жүлделі оралуда.

Солардың қатарында Өмірбеков Сәкен - 1 тай, Имантаев Қанат - 1 тай қосты. Ауыл белсенділерінің айтуынша, Наурыз мерекесін өткізетін орынға ауыл атынан қазақ үй тігіледі. Қазақ үйдің ішіндегі безендіру жұмыстарын, дастархан, ас мәзірін, тазалық сияқты жұмыстарға Кеңсабанова Зәуре, Шәріп Мақпал т.б. әйелдер азды-көпті ортақ іске өз үлестерін қосушылар табылып жатады.

### ЕҢБЕКҚОР ЕЛДІ МЕКЕН – ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ

Еңбекшіқазақ ауылы да жоғарыда айтылған екі ауылмен бірге қайнасқан ағайындас адамдар ел қатарында еңбек етуде. Ел қатарында дейміз-ау, турасын айтып тарихқа



Ауыл әкімі  
Әлімғазы  
Райымбековпен  
бірге

жүгінсек, нағыз табыскер осы ауыл азаматтары еді. Соғыстан кейінгі жылдары колхоз бастығы Мұқаш Бабашевтың тұсында миллионер колхоз атанып, еңбектің биігіне көтерілген ауыл болған. Бұл ауылдан Социалистік Еңбек Ері Мәмиле Әлімбаева, белгілі киноактер Әлімғазы Райымбеков, СССР спорт шебері Сәлім Ерқенов, Гір көтеруден Гиннес кітабына енген Сламжанов Өмірбай сияқты азаматтар бой көрсеткен жалпы жұртқа танымал ауыл. Биылғы жылы Наурыз мерекесін өткізу кезегі осы Еңбекшіқазақ ауылының үлесіне тиіп отыр.

Еңбекшіқазақ ауылының белсенді азаматтарының бірі Ашимов Мұқтармен сөйлесіп қалудың сәті түсті.

- **Мұқтар, сен осы ауылға жаны ашыр азаматтың бірісің. Биылғы жылғы наурыз мерекесінің өтуіне жауапты ауыл екенсіңдер. Оны ауыл әкімі Тимур Мұқанұлынан естіп білдік. Дайындық қалай жүріп жатыр?**  
- Биылғы Наурыз тойды біздің ауыл жігіттері ұйымдастырып басқарып өткізеді. Әрине, төрт ауыл өз үлестерін қосады. Бұнда ауыл жігіттерінің демеушілігі мен бәйге, көкпар, қошқар көтеру, арқан тартыс, айр көтеру, қазақша күрес т.б. спорттық ойындар өткіземіз. Ауыл азаматтары әркім шама-шарқына қарап, қолда бар теңгесімен, көлігімен қымбат уақытын бөліп, көмектесіп жатыр. Белсенді жігіттер Сапашов Дархан, Әділбеков Думан, Белгібаев Мұхтар,

Орманбетов Марат және ауыл ақсақалы Бабашев Емберген ағамыз бар. Көже пісіретін, дастархан мәзірінің келісті болуына жұмыс атқаратын келіндерге ақыл қосушы Омаибекова Күлімбала, Әмірова Кенжебала, Орынбаева Жұмай сияқты ақылгөй әжелеріміз, апаларымыз бар. Ия, бірінші жыл емес Наурыз той өткізіп жүргенімізге. Төрт ауылдың жігіттерінің қолдауымен жылда демеушілік танытып жүрген Жақанов Дәулет Сейфоллаулы, Усманов Асхат сияқты азаматтардың көмегі болады. Одан қалса ауыл әкімшілігінің қолдауы бар. Жақсы өткіземіз деп ойлаймыз.

### ТӨРТ АУЫЛДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ - МӘМБЕТ АУЫЛЫ

1991 жылдардан кейін, турасын егемен ел болғанымыздан кейін Ленин совхозы «Мәмбет» ауылы деп аталды. Бүгінде де «Лабасы» ауылдық округ әкімшілігі осы орталық «Мәмбет» ауылында орналасқан. Бұл ауылда да Ахметов Асылбек, Бұлыбаев Жанат, Асылбеков Ербол, Әділбеков Дулат т.б. азаматтар жылда дестүрге айналған Наурыз мерекесі сияқты басқа да көпшілік шараларды ұйымдастыруға бейімделген.

**Жылда Наурыз мерекесін жоғары деңгейде ұйымдастырып жүрген Лабасы ауылдық округ әкімі Тимур Мұқанұлынан биылғы дайындық қай деңгейде екенін білдік.**

- **Әрбір істі бастар алдында округ әкімшілігіндегі білгір, өте жоғары тәжірибелі бас маман Сармолдаева Анар, Уалиев Бақыт бастаған Биядилов Нұрқадыр, Өмірбеков Асқар, Бабашев Емберген сияқты көпті көрген ақсақалдармен ақылдаса отырып, кез келген мәселені түйінін шешеміз.**

Ең бірінші әр ауылдың азаматтары ешкімнің нұсқауынсыз өз еріктерімен көпшілік болып қаржы мәселесін шешіп береді. Оның сыртында демеушілік жасап келе жатқан азаматтар өз үлестерін қомақты етіп қосады. Жиналған қаржыны әр ауыл азаматтары ішінара құрылған комиссияларымен өздері жұмсап, өздері ел алдында есеп беріп жатады, оған әкімшілік араласпайды. Артылған қаражатты әр ауыл азаматтары ауылдарына қажеттіліктеріне пайдалады. Наурыз мерекесі жылда даудамысыз аяқталып жатады. Биылғы жылы да солай жоғары деңгейде өтетініне сеніміміз мол. Тек қана сол «Ұлыстың ұлы күні» жауын-шашынсыз, аспан ашық болып, күн нұрын төгіп тұрса болғаны.

Әр ауыл кемінде бір қазақ үйден тігеді. Кейбір үлкен әулет ұрпақтары жеке үй тігетіндер де болады. Жалпы он шақты қазақ үй тігіледі. Оның сыртында мекемелер шатыр тігеді. Сауда-саттыққа рұқсат етіледі. Аудандық мәдениет бөлімі үлкен сахнада өнер көрсетсе, аудандық спорт бөлімі спорттық жабдықтарын орнатып, спорттық шараларды жүргізеді.

Былтырғы жылы Алматы, Семей (Абай), Жамбыл облысынан бәйге аттар келіп бәйгеге қатысты. Әрине, бәйгеге ат әкелген әрбір атбегі өздеріне ортақ заңдылықтарымен аттарын бәйгеге қосады. Соңына ала көкпар тартысы болады. Наурыз басталып аяқталғанша қоғамдық тәртіпті қадғалайтын сақшылар, денсаулыққа жедел жәрдем қызметкерлері сақадай сай болып тұрады.

- **Біраз жарыс өткізілмекші екен, жүлдегерлерге сый-сияпат жасалына ма?**



Бәйге алаңында

- **Былтырғы жылы жалпы жүлде қоры 5млн. тг болды. Биылғы жылы да осындай қор болып қалар деп, мынадай сыйлықтарды дайындап отырмыз. Мәселен: Аламан бәйге: 1-ші орынға - құнан, 2-ші орынға - тай, 3-ші орынға - телевизор, 4-ші орынға - қой, 5-ші орынға - телевизор. Сол сияқты «Құнан бәйге», «Жапай көкпар», ұлттық ойындар «Теңге алу», «Аударыспақ», спорттық ойындар «Қошқар көтеру», «Гір көтеру», «Арқан тарту», «Қазақша күрес» т.б. бәріне жүлде бар.**

Әкімнің әңгімесінен Лабасы округінде Наурызға дайындықтың жақсы жүріп жатқанын тыңдап мен де қуандым. Сол айтылған істің нәтижелі аяқталуына тілекшімін. Ұлыстың ұлы күні ашық аспан, нұрлы күн болсын!

Ұлыстың ұлы күні,  
Теңелген күн мен түні.  
Кел бірге тойлайық,  
Наурыз мерекені!

Сембек АБДРАХМАНОВ  
«Алатау» газеті



Округ әкімі  
Кешуов Тимур Мұқанұлы

Лабасы тауының етегінде орналасқан Лабасы ауылдық округіне қарасты елді мекендер Талапты, Жамбыл, Мәмбет, Еңбекшіқазақ сияқты 4 ауылдан құралған. Округ бойынша барлық адам саны - 5100, олардың ішінде Талапты ауылында -1118 адам, Жамбыл ауылында - 1084 адам, Еңбекшіқазақ ауылында - 881 адам, Мәмбет ауылында - 2017 адам.

Осы округке қарасты 4 ауылда 4 орта мектеп, 4 балабақша, 4 мед.пункт, 4 мешіт бар. Кешелерінің бәріне түгелдей асфальт төселген, электр шамы тартылған, газ кіргізілген. Жалпы елдің әл-ауқаты қанағаттанарлық күйде.

Округ әкімі Кешуов Тимур Мұқанұлы 2024 жылдың наурыз айынан бастап қызмет жасап келеді. Барлық т у ы н д а ғ а н мәселелерді

Уалиев Бақыт бастаған ақсақалдар алқасы мен округ әкімшілігінде көп жылдардан бері қызмет атқарып келе жатқан бас маман Сармолдаева Анар сияқты тәжірибелі адамдармен ақылдаса отырып шешімін табады.

Аумақтық жағынан ауылдары бөлек болғанымен, «жұмыла көтерген - жүк жеңіл» демеуші, қандай да бір қажеттіліктер туындаған кездерде ауыл ақсақалдары мен белсенді жастар ақылдасып бір мәмілеге келеді. Сол қажетті кезеңдердің бірі - Наурыз күндері. Биылғы Наурызға дайындық барысымен танысуға барған сапарымыздағы көргендерімізбен газет оқырмандарымен бөлісейік.

### ТАЛАПТЫ ТАУДАЙ - «ТАЛАПТЫ» АУЫЛЫ

Талапты ауылы Көксу өзенінің сол жағалауында Лабасы, Шеладыр тауларының етегінде орналасқан. Жері сулы, топырағы құнарлы табиғаты жаңға жайлы, егістігі, жайылым жері мол берекелі ауылдар қатарынан саналады. Заманауи тұрғыдағы орта мектеп, мәдениет үйі, мед.пункт, мешіт үйі, тұзу көшелер, жасыл ағаштар ауылдың ерекше сәнін кіргізіп тұр. 2025 жылы ауылға газ тартылды, тұрғындар шетінен газ пештер орнатып қызығын да, жылуын да көріп отыр. Ауыл азаматтары ауылдың әлеуметтік жағдайына ұдайы көңіл бөліп тұрады. Талапты ауылындағы орталық көшенің тең ортасына сырша ағаштарын егіп оны қазіргі талапқа сай қоршап қойды. Егістікке су келетін тоғандарды техника жалдап тазарту жұмыстары, қажет жеріне көпір салу, мешіт үйіне күрделі жөндеу, ауылдың кіреберісіне «Талапты ауылы» деген жазуы бар арқа жасалынды. Осының бәріне қаражат халықтың ортақ ақшасы. Соңынан бір тиынына дейін есеп берілетін тәртіп қалыптасқан. Кейде ауылдан өсіп шыққан ауқатты азаматтардың да көмегі тиіп жатады. Мәселен: кәсіпкер Манаповтар

## Дүйсенбі - Понедельник, 23 наурыз

### ХАБАР

05.00, 00.30 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00 Әсем әндер  
07.40 Концерт «Наурыз-думан»  
09.00 «Дәстүр»  
09.30 Худ. фильм «Келінжан-2»  
11.10 «Қызық times»  
12.25 «Ойна»  
13.30 Мультфильм «Рога и копыта»  
15.00 Қайрат Нұртастың жеке концерті  
17.15 Худ. фильм «Наурыз kz»  
19.00 Телехикая «Келінжан-6»  
20.00 Худ. фильм  
22.00 Телехикая «Келінжан-3»  
23.00 Концерт «Әлия-дастан»

16.20 «DARA LINE»  
17.00 «Жетісу жақұты»  
17.30 «Әсем әуен»  
18.00 «Түркістан жүрегімде» 1-серия  
18.30 «Әсем әуен»  
19.30 «Фибрат»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «АІ әлем»  
20.30 «Тағы бір ақ таң ақпанда» М.Мақатаевқа арналған кеш  
21.40 К/ф «Оқылмаған хаттар»  
23.10 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00.04.00 «Әзіл студิโอ» ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 «Күліп All» ойын-сауық  
07.30.00.50 «31 әзіл»  
09.00 Мульт/Т/с «Губка Боб»  
09.50 М/с «Пингины Мадагаскара»  
10.40 М/с «Кунг-фу Панда»  
11.30 Худ. фильм  
13.00 Худ. фильм «Перевозчик-3»  
15.00 «Круиз По Джунглям»  
17.30 Худ. фильм «Kingsman: секретная служба»  
20.00 Худ. фильм «Kingsman: золотое кольцо»  
22.50 Худ. фильм  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?»  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина

### ЕВРАЗИЯ

06.00.03.45 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Наше легендарное Кино».  
11.30 «50 Лет На Сцене. Роза Рымбаева»  
14.30 «Qoslike»  
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00, 03.00 «Koreميز-шоу»  
20.00, 01.00 «Главные новости»  
20.30 Т/с «Казанова. Возвращение»  
01.30 Т/с «Серафима прекрасная»

### КТК

07.05 «Ән мен әнші», НАУРЫЗ!  
10.00 Т/с «Платье цвета моря»  
13.20 Т/с «Цвет мести»  
16.40 Т/с «Джамайка»  
18.30 «Жан ана», Мақпал Жүнісованың ән кеші.  
21.00 Т/с «Клан Ювелиров»  
23.10 Т/с «Горячий»  
00.50 Т/с «Джамайка»  
02.10 «ән мен әнші». наурыз! (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.05 «Ұлт ұяты»  
10.00 «Угәгәй melody»  
11.00 «Бір шәугім шай»  
11.40 Д/ф «АІ әлем»  
12.05 «Әсем әуен»  
13.05 «Единый народ»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Өзекжарды»  
14.30 «Арнайы репортаж»  
15.00 «Сен барда» Қуаныш пен Қарлығаштың концерті

### 7 КАНАЛ

06.02 «Жарқыраған жұлдыз. Наурыз шақырады». Бағдарлама  
07.00, 22.00 Телехикая «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚтар»  
08.00 «Ретрофестиваль. астана», 90-шы жылдардың той әндері  
11.00 Худ. фильм «Танцор диско»  
14.00 Худ. фильм «Иван Васильевич Меняет Профессию»  
16.00 Худ. фильм «операция «ы» и другие приключения Шурика»  
18.00 Т/с «Черная любовь»  
20.00 Т/с «Ветреный»  
23.30 Худ. фильм «Бизнес по-казахски в Бразилии»  
01.30 «Бастық боламын». Телехикая  
02.30 Телехикая «Тек қана қыздар»  
03.30 Гүл-гүл шоу  
04.20 Жұлдызды шаңырақта  
04.50 Япырай  
05.20 Өсекшілер

## Сейсенбі - Вторник, 24 наурыз

### ХАБАР

05.00, 00.30 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 Концерт «Наурыз айы туғанда»  
09.00 «Түрлі дәм»  
09.30 Х/ф «Наурыз kz»  
11.15, 16.30 Әсем әндер  
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»  
12.30 «ОйнаQ»  
13.30 Мультфильм «Тэд-путешественник и тайна царя Мидаса»  
14.45 Концерт «Біздің ән»  
17.00 Х/ф «Келінжан-3»  
19.00 Т/х «Келінжан-6»  
20.00 Кино «Qaitadan»  
23.00 Концерт «Асыл арман»

### ЕВРАЗИЯ

06.00.03.45 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Наше легендарное кино»  
11.50 «жұмбақ қыз» фильмінде  
14.30 «Qoslike»  
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00, 03.00 «Koreميز-шоу»  
20.00, 01.00 «Главные новости»  
20.30 Т/с «Казанова. возвращение»  
01.30 Т/с «Серафима Прекрасная»

### КТК

07.05 «Ән мен әнші», наурыз  
08.00 «Жан ана», Мақпал Жүнісованың ән кеші (қайталау)  
10.10 Т/с «Горячий»  
12.10 Т/с «Клан ювелиров»  
14.10 Т/с «Цвет мести»  
16.40 Т/с «Джамайка»  
18.30 «ән мен әнші».  
21.00 Т/с «клан ювелиров»  
23.10 Т/с «горячий»  
00.50 Т/с «джамайка»  
02.10 «ән мен әнші». наурыз! (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 К/ф «Ауыл сақшылары»  
10.25 К/ф «Көрінбейтін көмекші»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Тәртіп»  
12.00 «Аман болайық»  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 К/ф «Менің кумирім»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.30 «Фибрат»

15.00 «Ән салайын» концерті  
16.05 «Абадан»  
16.20 К/ф «Күн болам»  
17.00 «Дала сыры»  
17.20 «Әсем әуен»  
18.00 «Түркістан жүрегімде» 2-серия  
18.30 «Әсем әуен»  
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
19.45 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Тәртіп»  
20.30 «Нағыз қазақтың ұлымын» Ө.Айниязовтың концерті  
22.00 К/ф «Менің ағам - агент»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.15 «Әу» де

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студิโอ» ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
06.50 Информбюро (рус., каз.)  
08.00 МультТ/с «Губка Боб»  
08.30 МультТ/с «Пингины Мадагаскара»  
09.00, 10.50 Өнер қырандары «Наурыз көше»  
10.30 «Саумал»  
12.00 Х/ф «Ученик чародея»  
14.10 Х/ф  
16.00 Х/ф «Человек-паук»  
18.30 Х/ф «Человек-паук-2»  
21.00 Х/ф «Игры разума»  
23.40 Х/ф «Хотя бы в кино»  
01.50 «31 әзіл» ойын-сауық  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «Bala battle»

### 7 КАНАЛ

06.02, 23.30 «Шымкент шоу».  
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»  
08.30 Х/ф «Танцор Диско»  
11.20 Х/ф «Ғашық жүрек»  
13.20 Х/ф «Ғашық жүрек-2»  
15.20 Кино-легенда!  
19.00 Т/с «Черная любовь»  
20.00 Т/с «Ветреный»  
01.30 «Бастық боламын». Т/х  
02.30 Т/х «Тек қана қыздар»  
03.20 Гүл-гүл шоу  
03.50 Жарқыраған жұлдыз  
04.30 Жұлдызды шаңырақта  
05.00 Япырай  
05.30 Өсекшілер

## Сәрсенбі - Среда, 25 наурыз

### ХАБАР

05.00, 01.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00, 17.00 Әсем әндер  
07.30 Концерт «Өмір-қазына»  
09.00 «Түрлі дәм»  
09.30 Кино «Qaitadan»  
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»  
12.30 «ОйнаQ»  
13.30 Мультфильм «Суперкоманда»  
15.00 МультТ/с «Турбо-завры»  
15.30 Концерт «Ән әлемі тәлімгері»  
17.30 Кино «Бесбармақ»  
19.00 Т/х «Келінжан-6»  
20.00 Кино «Казахи против пришельцев»  
23.00 Концерт Эннио Морриконе

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы Таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе Утро, Казахстан!»  
10.00 «НАШЕ ЛЕГЕНДАРНОЕ КИНО»  
11.50 «Сәлем, европа!»  
14.30 «Qoslike»  
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00, 03.00 «Koreميز-шоу»  
20.00, 00.45 «Главные новости»  
20.30 Х/ф «Измена»  
01.30 Т/с «Серафима Прекрасная»

### КТК

07.05 «Ән мен әнші», наурыз  
10.10 Т/с «Горячий»  
12.10 Т/с «Клан ювелиров»  
14.10 Т/с «Цвет мести»  
16.40 Т/с «Джамайка»  
18.30 «ән мен әнші», ар ма, әз наурыз!  
21.00 Т/с «Клан ювелиров»  
23.00 Т/с «Горячий»  
00.50 Т/с «Джамайка»  
02.20 «Ән мен әнші». наурыз (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 К/ф «О, Ләйлә»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Киелі Қазақстан. Мыңжылдықтар мұрасы»  
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/  
12.50 «Әсем әуен»  
13.05 К/ф «Аналар күні»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.20 Д/ф «Кемел өнер,

егіз ғұмыр»  
16.20 К/ф «Менің ағам - агент»  
17.00 «Угәгәй melody»  
18.00 «Түркістан жүрегімде» 3-4-серия  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Агро аймақ»  
19.40 «Әсем әуен»  
20.00 Л.Мұратқызының концерті  
21.45 «Абадан»  
22.00 К/ф «Көлеңкедегі күш»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студิโอ» ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 «Күліп All» ойын-сауық  
07.30 «Тәтті шоу» ойын-сауық  
08.00, 01.50 «31 әзіл» ойын-сауық  
09.30 М/с «Губка Боб»  
10.00 М/с «Пингины Мадагаскара»  
10.20 М/с «Кунг-фу Панда»  
11.10 Х/ф «Смурфики: потерянная деревня»  
12.50 «Охота на монстра»  
15.10 «Охота на монстра-2»  
17.30 Х/ф «Kingsman: золотое Кольцо»  
20.20 Х/ф «Царство небесное»  
23.10 Х/ф «Игры разума»  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «Bala battle»

### 7 КАНАЛ

06.02 «Шымкент шоу».  
Әзіл-сықақ театры  
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»  
08.40 Золотая коллекция «Союзмультфильма»  
09.40 Х/ф «Зита И Гита»  
13.20 «Любовь и голуби». Худ. фильм  
15.30 «Шымкент шоу»  
18.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»  
20.00 Т/с «Ветреный»  
23.20 «Әзілің жарасса»  
01.20 «Бастық боламын». Т/х  
02.20 Т/х «Тек қана қыздар»  
03.10 Гүл-гүл шоу  
03.50 Жарқыраған жұлдыз  
04.20 Жұлдызды шаңырақта  
04.50 Япырай  
05.20 Өсекшілер

# «БІЛМЕЙДІ ҚҰС ҚАДІРІН ҰСТАМАҒАН...»



Дембосын Дүзелұлы - киелі құсбегі

## ҚҰСБЕГІМЕН ТАНЫСУ

Есіктен енгенімізде бізді отыз бестердегі келісті жігіт жылы жымып қарсы алды. Аты – Тобажан. Құсбегі қарттың үлкен ұлы екен.

Кең де жарық, жасаулы бөлменің төріне жайғасқанымыз сол еді, дастарқан жайылып, сары бауырсақ пен қарында сақталған сары май, хош иісі мұрынды жарған сары қымыз келді.

Әкем де келіп қалар, қымыз ала отырыңыздар, – деп Тобажан ауыз жиғанша болған жоқ, ұзын бойлы, ат жақты, селдірлеу күміс сақалды, өткір, шүңірек көзді, өңі күнге күйіп тотыққан қарт кіріп келді. Іздеп келген бүркітшіміз осы кісі екенін сезіп, орнымыздан ұшып-ұшып тұрып амандастық.

Қымызға бұрылып, құсқа келіп едік – дейтіндер де бар. Қымыз көп қой... Құсты қорлайтынына кіржисің. Қорлаған емей немене, қадірін, қасиетін сезбеген соң... Ең болмаса, аңсары шын ауып тұрсашы... – деді құсбегі қарт.

Жайсызданып отырғанымыз сезілмей қалмаса керек, сөзге қария өзі тартты.

– Қай тектенсің? – деді жақындау отырған маған бұрылып.

– Мырза. Сәдбен. Баба-Баймолданың ұрпағымын, – дедім іле-шала.

– Атамекеніңді білесің бе?

Сынау екені сөзсіз сезіліп тұр.

– Қыстауы - Талды. Көктеуі мен күздеуі

– Сұлу шоқы, Екіқой ортасы. Жайлауға Текеліден жоғары Шажаға шықса керек...

– Ана бала?.. – деді, жанымдағы жолдасыма.

– Алыс Арқаданмын, – деді жолдасым шолақ қайырып.

– Арқаның бүркіті қандай болады?!

Құс көруге келсең, жеріңнің құсын алдымен біліп ал дегелі отыр-ау. Ойланбаған сұрақ болды.

– Дені сары. Сары шолақтау болады, – деді жолдасым.

– Ә...ә, – деп қария сүйсініп кетті. Жөн сөз. Жөн сөз... Сары шолақ...

Жолдасым екеуіміз де қарияның көңілінен шықсақ керек, бұдан әрі қадалуын да қойды, сұрақ та қоймады. Өңгіме бастап кетті.

...Жаным мың жасарған шығар. Жанымды жасартқан – құс. Жанды шын жадырату оңай емес. Еңбегімнің, төгілген терімнің, шыққан сорымның, жеген қайғымның, өткізген суығымның, бұзылған ұйқымның, жұмсаған жігерімнің, жегізген, жоғалтқан жүйкемнің, тірнектеген ілімімнің, зердемнің арқасы. Өңгімедің әріден бастайын. Бала-жігіт кезімде естіген өңгіме еді, менің құсқа деген құмарлығым содан басталған...

## ЖОЛБАРЫСТЫ ІЛГЕН ҚЫРАН ҚҰС

...Бақай батырдың тігілген екі үйінің бірінде осы кісінің мәрт болған атақты құсының тері кебі тірі қырандай ілініп тұрады екен. Жаным жадыратқан көп жылғы досым көңіл аулаушыға көрсетіп, өңірегінде етегі толады екен. Өз басым бұған көрмесем де сенгем. Даланы күңіретіп менің де өңірегем кезім болған. Шын достасқан құстың күйігі бауырына пара-пар ма дедім!

Саят салып қайтқан құсбегі кештетіп келе жатып, ауылға жақын шоқ қамысқа жете, тіксініп тұра қалады. Аттар қалтырап аяғын баспайды. Томағадағы қыранның түгі тік тұрады. «Қасқырдың көкжалы, болмаса шошқаның қабаны-ақ шығарсың; бабына салмасам маған серт, ала алмасаң саған серт», – деп денде тұрып томағаны тартады.

ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТЕРІМІЗДІ ҰЛЫҚТАЙТЫН ТАҚЫРЫПТАР ТӨңІРЕГІНДЕ АЙТЫЛАТЫН Өңгімелерге ерекше ынта-ықылас танытып, қойын дәптеріме жазып алатынымын. сондай өңгіменің бірі жетісу өңірінің атақты саятшысы, білгір құсбегі дембосын дүзелұлымен кездесіп, сөйлескендегі осы жазбам еді. Құстарды баулудың, аң-құсқа түсірудің әдіс-тәсілдерін екжеі-текжеілі баяндайтыны, ол кісінің өңгімесі есте қалды. естуімізше ол кісі құс көреміндеп барғана дамына көңілі толмаса шешіліп сөйлесе қоймайды екен. бірақ не де болса көрерміз деп, арқадан арнайы құсбегі атамызды көрмекші болып келген жолдасымды ертіп дембосын қарттың үйіне бардық.

Зар етіне қайырулы қыран аспанға тік көтеріледі. Иесі естімеген қылық көрсетіп, шаңқылдап үрейді ұшырады. Неше сорғалап, неше тайқиды. «Құс делқұлыланады. Демек, адамға түспек», – деп аттылар атының бауырына тығылады. Енді бір сәт жай оты жарқ етіп, жер жарылғандай болды. Аттар аспанға секіріп, үйірлі дио үріккендей, алысқан, ақырған дауыс құлақты тұндырады.

Қорқып кеткен ел жиналып, қару-сайманымен келіп, жапырылып жоқ болған қоланы қарағанда, өгізден үлкен, өлі жолбарысты, қос шеңгелдің бірін тұмсыққа, бірін жүрек тұсқа қадап, сіресе қатқан қыранды көріп таң болады.

Иә... Ол кезде төменгі Балқаштың қамыс-қопаларында үйірлі жолбарыстың жиі кездесетін кезі. Тіпті бері өрлеп, мына іргедегі «Құтымның тоғайына» дейін келген кездері болған. Өлі қыранды өлі жолбарыстан ажыратқан ел: «Тегеурінін тіреп, сығымын жүрекке өткізіп жіберіпті», – деп басын шайқап, жүрегің ұстаумен болыпты.

Өзім көрмегенмен сол өңірдің құсбегілері, өз тең туысым Сейітжапар, атақты мерген Омарбек шындығына шүбәландырмады.



## САЯТШЫЛЫҚҚА ҚҰМАРЛЫҚ

Саятшылыққа мен 15-16 жасымнан араластым. Алғашқы кезде қаршыға сияқты кіші құсқа әуес болдым. Кейінірек қақпанмен қасқыр ұстауды қызықтау санадым. Содан бүркітке, бүркіт пен қақпанды тең аяқтанып келемін. Қаршыға, ителгі, лашын салу өз қызығы өзіне толы бір дәурен екен. «Қаршыға қазан қайнатады», – дейді. Өзен, көл қарасуларды қағып, қос қоржынға үйрек-қазды толтыра қайту қандай ғанибет, шын шабыт. Қырдан кекілік, таудан ұлар, тоғайдан қоян, қырғауыл қағып шерімнен шыққан күндерім көп. «Ителгінің қызығына қызсаң – қаршығанды қамшы етерсің», – дейді. Бәрі де рас. Бірінен бірі өтеді.

Қабаттап та салдым. Әдістеп те салдым. Дегенмен адам айлалы-ақ, аң-құстың да жанынан оңай айырылғысы жоқ, қаршыға теуіп түсіреді, қолма-қол үстіне ұмтылады. Үйрек үстіне шығармауға, шығарса жерге жабысып, тепкізбей кетуге бар. Қаршығаның көзін танып, топ үйрекке қосамын. Қаршыға тек дыбысқа ілеседі. Үріккен үйректер көкке өрлеп кетеді.

Қыран құстарды табиғи туыстығы, түр ұқсастығы қарай топ-топқа бөлуге болады.

**Бірінші – бүркіттер тобы. Бұған бөлекше тоқталармын.**

**Екінші – қаршыға тобы. Бұған: қаршыға, тұйғын, қырғи, шәулі жатады.**

**Үшінші – ителгі тобы. Бұған: ителгі, сұңқар, күйкентай, пәрім жатады.**

**Төртінші – лашын тобы. Бұған: лашын, бидайық, жағалтай, тұрымтай жатады. Бұлардың баулысы қызықтырмайтыны жоқ. Ең кішісі «Тұрымтай көз тындырады» деген мәтел бар. Бабына келтіріп салсаң, жүрегіңді жандырады. Сала алмаған ала да алмайды. Салақтап, сабылып құр қол қайтады.**

**Сонар жайлы.** Сонар – жаңа қарға жаңа түскен аң ізі. Жай сонар – түнімен жауған қар. Қан сонар – тұн ауа түскен қар. Таң сонар – таң алдында түскен қар. Аң ізі сонарына қарай сайрайды. Жаңа із жанарыңда жарық қылады. Сонарда саятшының сенімі зор: аты жарау, киімі ықшам, құсы бапты. «Көктен қыран сорғалап құйылғанда, – деп Абай

айтпақшы, жүрек от боп жарқылдаумен болады. Жаның жанады, қорытылып, қайта шығасың. Бұдан өтер жан жасанғыратар шараны көрмесем керек.

**Енді қыран тұстың атасы, құс патшасы – бүркіттер тобына ерекше тоқталған жөн.** Бүркіттің бітімі де ерекше. Шалғайына (көрілген қанаты) ең үлкен құшақ та жетпейді. Қанаттың шеткі қауырсындарын – шалғысы, ал құйрығының ортасындағы екі қабат әлді қауырсыны – көбесі, қалғандарын жебесі дейді. Аяғы төрт саусақты, саусақтары салалы. Тұяғы ұзын, саны толық, шымыр келеді. Саусақ терісі бедерлі шегірен былғары іспетті. Артық саусағын – тегеуріні, ішкісін – жем басары, ортаңғысын – сығымы, шеткісін шеңгелі дейді. Тегі тегін жаратылыс емес. Көк болаты (көк тұмсығы) көңілге кір келтірмес асыл.

Бүркіт – бір жаста бала, екі жаста – қан түбіт. Үш жаста – тірнек. Төрт жаста – жас түлек. Бес жаста – мұзбалақ. Алты жаста – көк түбіт. Жеті жаста – қана. Сегіз жаста жаңа деп аталады. Одан әрі қайрат-қуат қосылмайды. Қартайған кезін мола дейді. Ол кезде өлі кетіп моладан мүжіледі, әрі аяздан ығып, молаға мекендеп келеді.

Бұдан әрі Дөкен бізге облыстық тарихи өлкетану музейіне қамданған қыран жабдығын да жайып салды. Олар: томаға (бас киімі), тұғыр (бүркіт орындығы), балақ бау, білезік, аяқ бау, биялай (қолғап), құндақ, жеңсе (жең), балдақ (білекті тіреуші), саптыаяқ (жем ыдысы), бөлеу (қанжыға бесігі), шырға (тері кеп), сояу (түйе жілігінен жасалған істік) – бұл күнде көбіміз көрмеген дүниелер екен.

**Енді көп тараған төрт сарыға келейін.** Бүркіттің бұл түрі де 4 топқа бөлінеді екен. **Атақты «төрт перен» де қыран құс тобына жатады.** Түсі қоңыр келеді. Олар «Сауыты перен», «Садақты перен» «байпақты перен», «сыздықты перен» болып бөлінеді екен.

Бүркіттің тұқымы көп: зерделі, ұстағаны көп, кәнігі құсбегі жаңылмай-ақ саралап береді.



**Ал «қарға түсті қара», «су көз», «мұз көз», «күйік сары», «сабалақ» – бұлар – жасық тұқым. Сондықтан сөз қылудың қажеті жоқ.**

Аспан еді екі көзім құс қараған, Білмейді құс қадірін ұстамаған... – деп, қария қыран құстар туралы өңгімесін өлеңдетіп, келесі тақырыпқа көштік.

## ДАЛАНЫ КҮңІРЕНТІП ЕңІРЕГЕН КЕЗ...

– Деке, соңғы өтінішіміз: «Даланы күңіретіп менің де өңірегем кезім болған», – деген едіңіз... Естімей, өкінішпен қайтқымыз жоқ, – дедік қиыла.

Бұл өзі өлеңге түскен дастан екен, Дөкен домбырамен бастап, біраз жерге апарып тастап, ауыз-екі өңгімемен қайта бастады.

– Сонау бір мың тоғыз жүз отыз сегізінші жыл болса керек. Көктемде ақын Қалқа Жапсарбаев Төменгі Балқашқа менің сары көз биемді сұрап мінді де кетті. Қалқа – құрдас. Өсті тілді. Аузының ебі бар. Жаңа құрылған әртістерді қуа кетті. Күзде қуана қайтты. Сайрап тұр. Содан бағы жанып жүре берді. Енді кітап боп жатыр. Сол Қалқа:

– Дембосын тез жетсін. Алатаудан ұсталған құс бар, – депті.

Жеттім, ұшып жеттім. Ел Мұқырының

басындағы сайда отыр екен. Құсты көрдім – ұнады. Өйгілі құсбегілерден естіген тәжірибем бар. Құс – қия-құздың қырағысы, барлық келбеті келіп тұр. Қысқасы, «көкшегір» құсты Қалқа өгізіне айырбастап, атап маған өлерді. Төбем көкке жеткендей болды. Ауылға асықтым. Асыққан себебім – құс төрт жаста – «тастүлек». Тұз құсы шарықтап өскен ортасын, қия-құзын аңсап сағыныштан өліп кетеді.

Келе ырғаққа «отырғызып», неше тәулік «ұйқысын алып» мұрттай ұшырдым. Ұйқы деген өте ауыр. Арнайы есін алған соң, есінен танып, қайда өсіп, қайдан келгенін ұмытып қалады. Ары қарай сылап-сипап, тәрбиелей бер. Құсты күздей баптадым. Көңіліме жақты. Достастық. Шырғаға шақырамын, келеді. Тастап кетпейтін сияқты.

Сарыесік атырауы – жер жасылы мол, шексіз құм. Есен-Қонтай – өлімнің ата мекені. «Салт ат, сабау қамшы бармаймын», – деп түйеге қос артып, Шәйнәкті (бәйбішесі – Ж.Б.) қасыма алып, азық-түлік, ет, жентіммен жолға шықтым. Құсым қырағы. Шаншыла түсіп тұр. Күн – қыс. Көңілім – жаз, жол-жөнекей үш түлкі алғызып, төртінші қонаға келіп жеттім.

«Көкшегір» қырағыны сонда көрдім. Аңға алып шығып, томағасын сыпырып тұрып екеу-екеу тілдесеміз:

– Тілдескені қалай? Құстың тілі бар ма? – дейміз, нақтылай түссе деп...

– Бар, – деді Дөкен сөзін жалғап, тіршіліктің өзі – тіл. Зердеңе салсаң, қас-қабағын бақсан – ұғасын. Алып шығып томағасын сыпырап. Құс ештенені іздемейді, «зауқым жоқ», – деп тұр. Алып қайтып, қайта қайырам. Енді құс қыдыра қарайды, «жіберсең іздеп көрейін» – деп тұр, қайта қайыра түсем, бұл жолы құс көзінің алдын қарап, тап береді. «Жіберші, жібер. Тырнағым қышып тұр», – дегені. Бұл күні шеріңнен шығасың, шарықтайсың. Жаның жасарып қайтады. Бұдан әрі қайырсаң, зар етіне өтіп кетеді. Томағаны сыпырғанда құс өшіге тап береді. Түгінен ызғар шашады. Қан тілеп тұр. «Қоя бер мені, жауымсың?», – деп жауығады. Жапанда жүріп жанынан шошисың. Жанды жан ұғады. Аң анық болмаса, салмай-ақ алып қайтасың: аңның алыс-жақынын құс өзі көреді. Қозы көште тасадағы түлкінің құлағының қимылынан қағады. Қырағының қыраннан артықшылығы осы. Көрмей-ақ саласың. Өзі белгі береді, томағаны сыпырып өзіне іздетемін. Көз алдын алақаныммен жаба қоямын. Асып қараса – алыста дегені. Астынан қараса – жақын, жақын дегені. Саусағымды селдіретіп қай аралықта табарын бағамын. Сөйтіп алыс-жақынды да өзі айтып береді. Қысқасы, «көкшегірге» туу-тууден де қақтырдым. Аяғымнан да ата жөнелді. Жетпеген, қаймыққан, құр қол қайтқан күнім жоқ. Тау әдетін тастамай шаншыла түседі, не іліп әкетеді.

Ерте көктемде Батырбай (ағасы – Ж. Б.) келіп, екі жеті сойысты. Екі түйеге жүк болды. Алтауы қасқыр екен. Көшті шығарып салып, құмдағы, етектегі елді аралай қайтпақ болып қалып қойдым. «Ер азығы мен бәрі азығы жолда» деп азықсыз қала бердім. Жол-жөнекей ашылмас ақ боранға тап болдым, адастым да, ашықтым да. Өзегі талды-ау – деп, құсым үшін қан жұттым. Күн де ашылды. Ойдым, ойдым жыңғылдан шықтым. Жыңғылға кірген қоян ізін көріп, құсыма алдыртып, жылы ет жегізсе қойяын деп қуанғанымды айтсаңшы. Айналасам – із шықпаған екен. Аттан түсіп, құстың томағасын сыпырып, ердің қасына қондырып, қоянды үркітпек болып ептелдім...

Құс өңмендеп тұрып-тұрып, қанатын сапырып-сапырып тік көтерілді де жыңғылды періп кетті. Жалғыз саусақ жеткен екен, суырып алып, тегіске сарт өткізді. Құсқа жетіп келсем, жанары аунап, аузы-мұрнынан қызыл қан ағып қоя берді. Сыйлапалп құшақтай алсам, жүрек тұсында қу бұтақ қадаулы тұр. Дүние төңкеріліп жүре берді. Даланы басыма көтеріп, көп жыладым. Зарланып жыладым. Жаным үңірейіп қалды. Жаз бойы жаттым. Күзде ғана қайта құс іздедім...

Қария қамығып көп ыңылдады. Сонан соң жөнделіп, бері бұрылды.

Адамға өнер-білім өмірге азық, Тиянақ ақыл деген алтын қазық.

Өнерін саят салған ата-бабаң, Қадірлеп, қарақтарым, жүріп жазып, – деп хикаясын аяқтады. Қартпен қоштасып сыртқа шыққан соң, ер жігітке лайық, үлкен өнер – саятшылықтың ұмытылып бара жатқаны жанымызға батып, жолдасымыз екеуіміз де ұзақ жолда өз ойымызбен өзіміз болып, үнсіз келе жаттық.

**Жақан Байзолдаұлы Балшенов,**

(«Туған жер қазынасы» кітабынан.

1983 жыл)

# ЕСКЕЛДІ БАБАНЫҢ

**Уақыт та, зу етіп өтеді,  
Қызмет те, қолдың кірі кетеді,  
Шен-шекпен де тозады,  
Бәрінен халқына адал  
Азамат қана озады.**

## МЕН ОНЫ МАҚТАН ЕТЕМІН!

Ескелді би Жылкелдіұлы (1692-1780) – би, шешен, қолбасшы. Шамамен 1692 жылы Жетісу өңіріндегі Қаратал өзенінің бойында дүниеге келіп, 1780 жылы дүниеден озған. Төле бидің Ұланбике деген қызынан туған жиен немересі. Ұлы жүз құмындағы Жалайыр тайпасының сиыршы руынан шыққан.

Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқастарда қаһармандық көрсетті.

Кейін Ескелді би бастаған Жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Осындай қасірет көрген елін, жерін қорғап, кіндік қаны тамған жеріне қайта оралтып, орналастырып берген аруақтарға тәу етеміз, бас иеміз!

## ЕКІ ҒАСЫРДАН KEЙІН ҚАЙТА САЛЫНҒАН КҮМБЕЗ

Жетісу өңіріндегі Екпінді ауылында туып-өсіп, ержетіп еңбек етіп, үйлі, бала-шағалы болдым. Біздің ауылда бабамыздың жеті баласынан өрбіген бес баласының ұрпақтары тұрады. Олар Демей, Мырзатай, Арғымбай, Таңатар, Тұнқатар аталарымыздың ұрпақтары. Найман атамыздың ұрпақтары Көкжазық ауылында, Жылқиялдай атамыздың ұрпақтары Шымыр ауылында тұрады, басқа да ұрпақтары еліміздің басқа өңірінде тұрып, еңбек етіп, өсіп-өніп, өмір сүріп жатыр.


1976 жылы жаз айында бабамыздың Екпінді ауылында тұратын ұрпақтарының үлкендері Керімбеков Ешмұхамбет (Ешпай), Молбаев Құндақбай, Андасбаев Ережел, Сыбанбаев Қасым, Шақпақбаев Шаймерден, Жүнісбаев Сүлеймен, Сыбанбаев Әшім, Әбішев Қабі, Андасбаев Шопан, Дауренбеков Қанжыға, сондай-ақ Көкжазық ауылында тұратын Найман атамыздың ұрпақтары - Жабағы, Уәсіп қариялар және Еңбек ауылында тұратын Әлбиланов Нұрсағат, Әлімбаев Тәңірберген қариялар жиналып, Керімбеков Ешпайдың үйінде бас қосады.

Сол басқосуда бабамыз Ескелді би әулиенің басындағы күмбезі тасып, бір шеті құлап қалғаны туралы айтып, не жасауға болатыны туралы ақылдасады. Қариялардың жасы үлкені және кезінде атаның басында шырақшы болған Нұрсағат қарияның үлкен кісілерден естіген әңгімесі бойынша бұл күмбездің тұрғанына ғасырдан асып кетсе керек. Күмбезді жасаған кезінде топыраққа жылқының жалын, ешкінің жүнін қосып, осы лаймен күмбез соғылты. Уақыт өте келе, ауа райының ыстығы мен суығы, қары мен жаңбыры әсер етіп өзіліп, күмбез құлап, жөндеуге келмейтіні айтылады. Қариялар күмбезді қалпына келтіру үшін оны тек жаңадан тұрғызу керек – деген тоқтамға келеді.

Есіне тағы бір әңгіме түсіп, оны ортаға салған шырақшы Нұрсағат қария жаңа бір сырдың шетін шығарды.

1966 жылы Жетісу колхозының бастығы, Отан соғысының ардагері, социалистік Еңбек ері Дайыров Әбдіқадір қариямен бірге жұмыс бабымен Үштөбе қаласына бардық. Мен ол кезде сол кісінің хатшысы едім. Сонда бара жатқанда «атаның жатқан жерінен ақырын жүр!» - деді машина жүргізушіге. Үштөбеден қайтқанда атаның басына барып құран оқыды. Мен сонда бабаның бейітін, күмбезін бірінші рет көрдім. Әбекең сонда маған айтып еді: - мына жерде жатқан сенің бабаң Ескелді би әулие. Сиыршы Тоқымбеттен тарайды. Бала көтермей жүрген әйелдер, ауырып жүрген кісілер, әсіресе, жас балаларды алып келіп әулиеге сиынып, басына түнеп Алладан емін сұраса, Алла шипасын береді - деп айтқаны есіме тұсті.

Күмбезі аса үлкен емес, малшылардың жаппасы сияқты топырақтан соғылған екен. Үйге келіп әкеме айтып едім, дұрыс болды



барғандарың, Әбекеңе рахмет! – деді.

Содан руымыздың шежіресін айтып жаздыртып қойды. Ол кезде жаспын, комсомолмын, аса көңіл қойған жоқпын, одан коммунист болдым, бәрі «Партия үшін - жан пида» деген кез еді. Енді, міне, ата - тегімізді, салт-дәстүрімізді іздеп жүрміз, Алла жақсылығын берсін, көшіріңіздер мен кішкене бұрылып кетіппін – деп, шырақшы болған Нұрсағат қария әңгімесін ары қарай жалғастырды.

Екпіндіде жиналған қариялар, күмбезді неден жасатайық деп ойланып отырғанда Әлімбаев Тәңірберген қария «күмбезді 6-қанат қазақ үйі сияқты темірден жасатайық, мықты және әдемі болып көрінеді» - дейді. Қариялар ақылдасып, осы ұсынысқа тоқтады және күмбезді жасату Керімбеков Ешпай мен Жүнісбаев Сүлейменге тапсырайық - деп келіседі. Керек қаражатты өздерінің пенсияларынан жинап береді. Екі қария Қарабұлаққа РТС-қа барып, басшыларымен ақылдасып, өздерінің ойларын айтып, келісіп ақшасын төлеп, бір жетінің ішінде жасатып алады.

Енді «күмбезді ауылға қалай алып келеміз?» - деп маған сөз салды. Ол кезде мен Жетісу колхозында экономист болып қызмет істеп жүргенмін. Біздің колхозда күмбезді алып келетіндей үлкен Камаз автомашинасы жоқ еді, содан автобазаның директоры Нұрланов Темірғалиға телефон соқтым.

Қарабұлақтан Екпіндіге бабаның күмбезін жеткізу керек, соған машина керек болып тұр? - дедім, ол қарсы болмады. Себебі, бабамыздың үлкен ұлы Демей атаның ұрпағы еді, дереу машина жіберіп күмбезді Екпіндіге біздің аулаға түсіртіп берді. Күмбезді қариялар, жігіттер жиналып екі күнде құрастырып жинап тұрғызып қойды. Күмбез әдемі, аппақ 6-қанат қазақ үйі болып шықты.

Құдайы мал шалып, құран оқып, қариялар бата берді. Ауылдағы адамдар келіп көріп, риза болып қуанып жатты. Ертеңіне Темірғалиға хабарласып күмбезді бабамыздың басына апарып орнату керек, соған машина, жұмысшылар керек - деп едік, жұмысшыларын, машинасын өзі алып келіп, күмбезді көріп риза болып қалды. Қариялар күмбезді машинаға тиіп алып бабамыздың басына апарып орнатып, қуанышты болып қайтты.

Бабамыздың ұрпақтарынан басқа ел де қуанып, әуақтың басына барып тәу етіп, сиынып жүрді. Күмбездің іші кең, таза күннен, желден, жаңбырдан таса, ық болды. Бұл жақсылық ауыл-ауылдарға таралып, елдер қуанып, әулиенің басына барып тәу етіп, сиынушылар көбейді десіп жүрді.

## КҮМБЕЗ ҮШІН АЛҒАН ПАРТИЯЛЫҚ СӨГІС

Бір күні колхоздың партия ұйымының хатшысы Егізбаев мені кабинетіне шақырып алып: «сен не істеп жүрсің, партияның Уставын бұзып, ескі салт-дәстүрлерді қолдап, баяғыда өліп қалған ата-бабаларыңның басына күмбез орнатып жүрсің, бұны қалай?» - деді.

Менің қатысым жоқ - деп едім, «ештеңе білмеймін, кешке партком отырысына кел, партбилетіңді ала кел, мәселенді қараймыз» - деді. Менің есім шығып кетті, шыны айтсам - қорқып кеттім.

Содан колхоздың басқармасы Жансеріков Жекен деген азамат еді, соған жолығып, парткомда болған жағдайды айттым. – Ия, қиын болған екен! - деді ол. Мен жағдайды айтып түсіндірдім:

Бұл шаруада менің ешқандай қатысым жоқ, үлкен кісілер өздері пенсияларын жинап, жасатып жүр. Өзіңіз білесіз, мен жұмыстамын, ешқайда сұранған жоқпын – дедім.

Сенің жұмыста жүргеніңді жақсы білемін, саған қоятын ешқандай кінәм жоқ, жарайды, жұмысыңа бара бер, кешке көреміз - деді.

Содан кешке саған 19.00-де парткомға бардым. Партком мүшелері отыр екен, парторг Егізбаев «коммунист Керімбеков Советқалидің тәртібін қараймыз», - деді.

Керімбеков жолдас коммунист бола тұра, партияның Уставын айқын бұзып отыр. 300 жыл бұрын өліп қалған ата-бабаларының басына күмбез орнатып, құран оқытып, үйінде мал сойып, құдайы тамақ беріп, ескі салт-дәстүрді сақтап, қолдап, халықты үгіттеп жүр. Бұл ісі партияның саясатына өте қарсы келеді, халықтың арасына ірікті салады, келешекте басқа партия мүшелері, жастар қателеспеу үшін Керімбековты партия қатарынан шығару керек, басқаларына сабақ болсын - деді.

Колхоз басқармасы Жекен Жансеріков «өзі айтсын болған жағдайды» - деді. – Мен қарияларға «жасам!» - деп қалай айтамын, менің ондай құқығым жоқ, өздерінің ақыл ойы, сана сезімі, қабілеті, қасиеті бар. Менен ақыл сұрамайды, - дедім.

Содан партком мүшесі Майра апай дейтін үлкен кісі бар еді, колхозда бухгалтерияда қызмет істейтін, ол кісі: «бұның ешқандай қатысы жоқ екен, күмбезді ақшасын төлеп жасатып жүрген үлкен кісілер екен, бұл оларға не айта алады және олар бұны тыңдай ма, бекер бұның обалына қалмайық, партиядан шығарылысын деген мәселені алып тастайық», - деді.

Басқа партком мүшелері де менің сөзімді сөйлеп, «бұл дұрыс емес!» деп мені ақтап, аман алып қалды, «ескерту берілісін» - деп. Ол кезде партияның рөлі күшті еді, егер партиядан шығып қалсаң бәрі бітті дей бер, жұмыстан кетесің, барлық жеңілдіктерден айырыласың, ешқандай қозғалыс болмайды, сондай қиын уақыт еді. Қазақ дәстүрі туралы айтуға қорқатынбыз.

## ЕСКЕЛДІ БАБАННЫҢ БЕСІНШІ ҰРПАҒЫ – ӘКЕМ ЕШПАЙ ТУРАЛЫ

Кеңес заманында осындай қайшылықтар көп еді. Кеңес Үкіметінің қатыгез, қате саясатының зардаптарын көрген әкем Керімбеков Ешмұхамбет (Ешпай) өте адал адам болды. Әкем бабамыздың бесінші ұрпағы болып келеді, үшінші ұлы Арғымбайдан тарайды.



Әкемнің әкесі Керімбек кезінде би болған екен. Өзінің әділдігі, адалдығы үшін халық оны қатты сыйлаған, сен байсың, сен кедейсің деп бөліп елді алаламаған. Халқымен сөйлесіп, әңгімелесіп, хал-жағдай сұрасып, жаңалықтарын айтып, керек болса ол кісіні шақыртып алып, шешілмей жатқан мәселелерді, дау-дамайлардың дұрыс шешімін, әділ билігін, дұрыс шешімін айтады екен. Сондай әділдігі үшін елдер бұл кісіні әмісе даулы істерге шақыртып жүрген. Әкем айтып отыратын, би атам көбіне ел аралап кететін, үйде аз болатын - деп. Содан 1916 жылы бір барған жерінен ұшынып ауырып келіп, көп ұзамай қайтыс болады...

Көксу өзенінің бойындағы Шыбынды деген жер қыстауы, жайлаулары Мыңбұлақ екен (қазіргі Ескелді би ауданындағы Жалғызғаш ауыл округіне қарасты жерлер). Әкем Ешмұхамбет 10 жасында жетім қалады.

Анасы Аққыз және 8 жасар қарындасы Ақшажанмен, әкесінің бауырлары Әділбек, Ниязбек, Әуелбектермен бірге сол қыстаулары мен жайлауларында малдары бағып, күндерін көріп, өмір сүріп жатады. 1918 жылы көктемде ауылдарына қызыл әскерлер мен Кеңес үкіметінің өкілдері келіп, «Керімбек би қайда, шақырыңдар!» - дейді. Үйдегілер «ол кісі былтыр қайтыс болып кеткен» - деп, мойнына тағатын төсбелгісін көрсетеді. Олар сенбей үйлеріне тінту жүргізіп, жоқ болған соң Керімбек бидің сақталынып қойған қазақ үйлерін, малын, киімін, жарамды заттарды, төс белгісін алып кетеді. Ол би болған соң «халық жауы» болып саналады.

Сендер халық жауының баласысыңдар! – деп, әкеме ұрсып, қорқытады. Егер айтқанды істемей, тілді алмайтын болсаң - ит жеккенге айдатып жіберемін - дейді. Бұрын бұндай зорлық, қоқан-лоққыны көрмеген әкем байқустың, үй ішіндегілердің үрей ұшып, шошып кетеді. Туыстары келіп ақыл айтып, басу айтып жұбатады. Сонда да әкем көп уақытқа дейін ұмытпай қорқып жүреді.



## КОЛХОЗДАСТЫРУ - ҚАЗАҚҚА АЛҒАШҚЫ АШТЫҚ ӘКЕЛДІ

15 жасқа келіп, ат жалын тартып мінетін жасқа келгенде әкем (Ешпай) ағайындарының малын бағады. Қыстың күндері қар қалың түсіп, күн қатты суықта жылқы бағып жүреді. Анамның тігіп берген тоны, елтірі тұмағы, аяқта киізден жасаған пима болса да жаурайсың. Бірақ қатты аяз болып, боран болғанда, қалың қарды қазып жіберіп ішіне кіріп жатсаң, аяздан ық болып аса қатты жаурамайсың, - деп айтып отыратын әкем.

Жас бала осындай қиындықтарды көріп өскен әкем 20 жасында Көксудың арғы бетіндегі Стамбек деген байдың Жұмакүл деген қызына (менің анама) бүкіл қалың малын, қырық жетісін түгел төлеп үйленеді.

Көксудың бойындағы сулы жерлерді ағаш соқамен жыртып тары егіп, біраз дән жинап алып күндерін көріп жүреді. Қарындасы Ақшажан да тұрмысқа Ерсұлтан деген азаматқа шығып, Бибіпұр деген қызы, анасы, әйелі, өзі бар - төртеуі тіршіліктерін жасап, ел қатарлы өмір сүріп жатады.

1928 жылы Кеңес Үкіметінің өкілдері келіп коллективизация туралы айтады. - Барлығымыз бір жерде жұмыс жасап, бір жерден тамақ ішіп, бір жерде жатамыз, малымызды, дүниемізді ортаға саламыз, сонда бірлесіп жасаған жұмыс жеңіл болады, - дейді.

Ел түсінбейді, қорқып, бірікпей біраз жүреді. Кеңес үкіметінің шолоқ белсенділері ел бірікпеген соң бәрінің малын жинап басқа жаққа айдап әкетіп, өздерін Көксудың бойында Тоқтамыс деген жерге көшіріп, колхоз ұйымдастырады. Онда тұратын үй жоқ, қазақ үйі барлар қазақ үйінде, жоқтары жерді қазып жер үй жасап алып тұрғып жатады.

Өздеріңіз білесіздер, қазақ халқы малсыз өмір сүре алмаған, етсіз-сүтсіз жағдайлары қиындап кетеді. Содан әкем талдан тор тоқып, Көксудан балық ұстап, ағайындарын аштықтан аман алып қалған екен. Қазаққа бірінші аштық сол колхоздастырудан келген.

Колхозға үкімет біраз мал, астық, жер жыртатын соқа, арба, қамыт-сайман әкеліп береді. Ел соқамен, күрекпен жер аударып егін егеді, күзде біраз астық жинап, оны арбамен Талдықорғанға үкіметке өткізеді. Өстіп өлмес күндеріп көріп жатады. 1930 жылы әкемдерді Талдықорғанға Новийбыт деген колхозға көшіреді. Бір үлкен, кең үйге кіргізеді, бұрынғы орыстың құлағының (кулак) үйі екен. Анасы, әйелі, қызы төртеуі тұрып жатады. Әкемді трактордың оқуына жіберді, екі ай оқып келіп трактор айдап, жер

# АЛТЫНШЫ ҰРПАҒЫМЫН!

жыртады. Әкем жақсы тракторист болып, көрші колхоздардың да жерін жыртып береді екен. Қыстың күні ер адамдарды атшанамен Балқаш көліне балық ұстауға жібереді, көктемде колхозға шанамен балық алып келіп жұмысшыларға таратып берген.

## ОЗАТ КОЛХОЗШЫ БОЛҒАН ӘКЕМНІҢ СІБІРГЕ АЙДАЛУЫ

Талдықорғанда әкемнің анасы қайтыс болады, ол кісіні Шайқорған зиратына жерлейді. Колхозда таныс, туыс ешкім жоқ, содан әкемдер Екпіндіге ағайындарының арасына көшіп барады. Ағайындары асар салып екі бөлмелі соқпадан үй салып берген соң әкем колхоздың жұмысына кіріп кетеді. Астық суғарып жақсы өнім алып жүреді, жақсы жұмысы үшін комсомолға алайық деп дауысқа салса, бір адам «ол бидің баласы болған, байдың тұқымы» - деген соң әкемді комсомолға алмайды.

Егісін суғарып, шөбін шауып, астығын орып, жұмыстарын істеп жүріп жатады. Әкесінің би болғанын ешкімге айтпай жасырып жүреді, тағы бір жағдай болып қалама деп қорқып. Колхоздың жұмыстарын ойдағыдай атқарып жүріп жатады.

Колхоздың бастығы әкемнің істеп жүрген жұмыстарын көріп риза болып, бригадир етіп тағайындайды. Әкем жақсы жұмыс жасап «озат» деген атаққа ие болады. Жұмыстары жақсы жүріп Үкіметке астықты



жоспардан артық құяды. Жағдайлары түзеле бастайды, 1938 жылы дүниеге Нұршайза (Шайнұр) деген қыздары келеді. Әкем мен анам қуанышты, жұмыстарын істеп жүріп жатады. Біздің қазаққа ғана мынандай мақал бар екен «Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» деген. Өзінің қол астында жұмыс жасайтын бір ағайыны бар екен, сол қызғанып, көре алмай әкемді ешқандай мал сойылмай, мал саны түгел болса да жамандап домалақ арыз жазады үстінен, «ол бидің, халық жауының баласы, мал бақташысы екеуі колхоздың бір өгізін сойып алды» - деп. Оны тексеріп жататын ол кезде сот жоқ. НКВД-ға не айтса сол болады екен. Әкем мен мал бақташы Құрмантай баласы Күмісбек деген атамызды ешқандай кінәсіз соттап, Сібірге айдап жібереді.

## ТҮРМЕ МЕН СОҒЫСТАН БЕЙБІТ ЕҢБЕККЕ

Бұл кісілер соттың мерзімі бітіп, үйлеріне қайтаын деп жүргенде Жапон соғысы басталып, Сібірден бірден Жапонияға соғысқа жібереді. Итжеккеннен, соғыстан аман қалып туған еліне аман-есен оралады. Келе сала колхоздың жұмыстарына кірісіп кетеді, үйткені колхозда жұмыс жасайтын азаматтар жоқтың қасы, барлық жұмыстар әйелдер мен балалардың мойнында болған.

Халықтың жағдайы өте қиын, колхоздың да жағдайы мәз емес. Халыққа бір тын ақша бере алмайды, күніне бір еңбеккүн жазады, жылдың аяғына сол еңбеккүндеріне астық береді. Халық өзінің бақшасы, құсы, малының өнімін Текеліге базарға апарып сатып, алған ақшаларына балаларына киім-кешек, кітап, дәптер, қант-шәй, алып күн көреді. Колхоздың бастығы әкемді бригадир етіп тағайындайды. Жұмыс көп, техника жоқ, адам күші жетпейді, колхозшылар таң атқаннан кеш батқанша, күніне 15 сағат жұмыс жасайды, жас балаларда колхоздың жұмысында әке-шешесімен бірге жұмыс істеп жүреді. Халықтың осындай ерлік еңбектерінің арқасында Үкіметтің, халықтың жағдайлары жақсара бастайды.

Осындай қауыр кезеңде, 1947 жылы мен келіпін жарық дүниеге. Әке-шешем қуанып ағайындарына бір лақ сойып шілде жасап беріпті. Менің атымды Советқали деп Сейітжапар деген ағайын қойыпты Совет

Үкіметінің жақсы азаматы болсын деп. Содан 1960 жылы Алла Тағала алтындай, сап-сары Шаяхмет деген бала береді. Әке-шешем қуанып, Аллаға ризашылығын айтып, сиынып берген балаларын бағып-қағып, тәрбиелеп, оқытып өсіреді.

Әздері колхоздың жұмыстарын жасап жүріп жатады. Осы істеген еңбектерінің арқасында жұмыстары жақсы жүріп, мол өнім ала бастайды, қант қызылшасының әр гектарына 1000 центнерден өнім алып, қызылша звено жетекшісі Досқожанова Нұрипа апамыз КСРО-ның депутаты болған Ленин орденімен марапатталған, қызылшашы Дәуренбекова Бал апамыз Москваға съезге барып келген.

Анам айтты отыратын: «Әкең халық үшін жаралған, колхозда бірдеме жоқ болып қалса үйдегіні апарып беретін. Ауылда асыраушысы жоқ, соғыстан келмей қалған жетім-жесір отбасыларға әмісе көмектесіп, отыны жоқ үйлерге сабан түсіріп, қысқа қарай жігіттерді тауға жіберіп отын шаптыртып, қыста отыны жоқ үйлерге отын таратып, мал ұстап отырған отбасыларға шөп, күзде қызылшаның жапырағын түсіріп беретін. Ол кездері автобус, машина деген жоқ болатын, демалыс күндері Текеліге базарға барып сауда-саттық жасап келуге ат арба беретін. Өз бригадасынан басқа адамдарға көмек беріп, әділ, адал еңбектері үшін халық та, басшылар да әкенді жақсы сыйлады», деп отырушы еді.

Әкем зейнетке шықса да колхоз бастығы демалысқа жібермей, елдің, жердің, судың жағдайын жақсы білесің - деп, колхозға мұрап етіп тағайындап қоятын. Жақсы еңбектері үшін мемлекеттің бірнеше медальдары, Құрмет грамоталары, заттай сыйлықтарына ие болды.

1945 жылдан 1965 жылға дейін Екпінді ауылында бригадир болып жұмыс істеп келді. Аса қасиетті әкем Керімбек би баласы Ешмұхамбет 70 жасқа келгенше еліне, жеріне аянбай адал еңбек еткен. Қазір ойлап қарасам, әкем өмірінде көрмеген қиындығы жоқ - жетімдікті де, ашаршылықты да, жоқшылықты, түрмені, соғысты, оның зардабын, әділдік пен сатқындықты да бастан кешіпті... Осының бәрін басынан өткізіп аман-есен қалып, елінің, жерінің, халқының, балаларының, немере, шөберелерінің қызығын, қуанышын көріп, Аллаға рахметін айтып отыратын асыл, абзал аяулы әкем Керімбек би ұлы Ешмұхамбет 85 жыл өмір сүрді. Өмірлік жан жолдасы, сүйеніші болған анам Стамбекқызы Жұмакүл 94 жыл өмір сүрді. Аяулы асыл жандарым, жатқан жерлерің жайлы, имандарың жолдас, жандарың жәннәтта болсын!

## БАБАМЫЗ ЕСКЕЛДІНІҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫНА ТӘУ ЕТІП КЕЛГЕН ҚОНАҚТАР

1990 жылы Еліміз егеменді мемлекет болып, 1991 жылы халқымыз тәуелсіздік алды. Жойылып кете жаздаған ұлттық тіліміз, діліміз, дініміз, салт-дәстүріміз, қайтадан жаңғырып халқымыз еркін, әділ өмір сүре бастады. Ғасырлар бойы, осы ұлан байтақ жерімізді, елімізді қорғап, сақтап, қан төгіп, жан берген бабаларымыздың аттарын атап, істеген жақсы, игі істерін атап айтуға мүмкіндік келді.

1992 жылы сол әруақтардың бірі әулие Ескелді би бабамыздың 300 жылдық мерей тойын атап өтуге Елбасының рұқсатын алып, облыс әкімі Сағымбек Тұрсынов өзі тікелей ұйымдастыру комитетін құрып, жоспарын белгіледі. Әулиенің басына кесене орнатып, облыс, республика көлемінде той өткізу керек деп шешілді. Ең бірінші, кесене салына бастады, оны Көбес Ақылбаев басқарып, уәделі кезінде аяқтады.

Бабамыздың мерей тойына, кісілер көп келді. Америкадан, Европадан, Түркиядан, Монғолиядан, Қытайдан, бұрынғы Советтік Республикалардан, өзіміздің облыстар мен Алматы, Астана қалаларынан. Елімізге белгілі ғалымдар, тарихшылар, ақындар, жазушылар, бірінші космонавт Тоқтар Әубәкіров, Премьер Министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, басқа да зиялы азаматтар, қоғам қайраткерлері болды.

Кесененің ашылуында облыстың әкімі Сағымбек Тұрсынов құттықтау сөз сөйлегеннен соң Премьер Министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков

бабамыздың рухына тәж етіп, елімізге, жерімізге, әр отбасыға амандық тіледі. Республиканың бас муфтиі Рәтбек қажы құран оқып, батасын берді. Одан кейін Ескелді бабаның ұрпақтары атынан бабаның алтыншы - ұрпағы Еділ Ерғожин сөз сөйлеп, осы шараға ат салысқан азаматтарға алғысын айтып, амандық, саулық тіледі.

Кесененің басына бабамыздың жеті баласының ұрпақтары жеті қазақ үй тігіп мал сойып, тамақ асып келген кісілерді қарсы алып, шығарып салып үш күн жатты. Келген қонақтардың ішінде елімізге әйгілі өнер қайраткерлері Асқар Тоқпанов, Бикен Римова, Әмина Әмірзақова, Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова тағы басқалары болды. Кесенені ашқан Бабашев Қаймолда қарияның батасын алып, бір жылқы сойып етін асып, әр аудандардың үлкен үйлеріне Бабамыздың тойынан сыбаға деп жігіттерді атқа мінгізіп табақпен ет тарттық. Бұл ісімізге аудандардың азаматтары риза болып, рахметтерін айтып жатты. Бабаның кесенесінің қасына ұрпақтарының тіккен үйлерінің жанына Балпық би әулиенің ұрпақтары үй тігіп, аза салып, бір жылқы алып келді. Біз ол кісілерді қарсы алып, сый құрмет көрсетіп рахметімізді айтып шапан жауып шығарып салдық. Жылқыны Бабамыздың үлкен үйінің ұрпағы деп Сүлеймен қарияға мінгіздік. Бұл шаралардан кейін ат бейгесі басталған еді...

Ескелді ата, мен де ұрпағың, балаңмын! Көркеюін аңсап жүрген далаңның, Әділдікті жас ұрпағың көрсе деп, Тек өмірде сол үшін мен алаңмын Ей, ұрпақтар, сиын әулие-атаға Қолды көтер «әумин!» деп батаға Жаңа ғана құрылдың ғой ел болып Шаңырағың биік, болсын мықты босаға!

## АУДАНҒА ЕСКЕЛДІ БИ АТЫ БЕРІЛДІ

Елімізде жақсы заман орнап, егеменді ел болып елдің, жердің, ауылдың, қаланың аттарын өзгертіп, бұрынғы атауларын қайта қоя бастады. 2000 жылы Талдықорған ауданының атын өзгертіп, Ескелді би ауданы болып аталды. Осы шаруаға бауырымыз Еділ Ерғожин тікелей араласып, ауданның орталығы Қарабұлақ кентінде әкімдіктің алдына гранит тасынан Бабамыздың үлкен ескерткішін орнатты. Ескерткішті көріп халықтың рухы, көңіл-күйі көтеріліп, қуанып қалды.

Митингті сол кездегі Алматы облысының әкімі Заманбек Нұрқаділов ашып, Еділ бауырымыз баяндама жасады, концертте Мақпал Жүнісова ән айтты, халық көңіл көтеріп, біраз демалып, сергіп қалды.

## ЕСКЕЛДІ БАБА КЕСЕНЕСІ ЮНЕСКО-ҒА ТІРКЕЛДІ

Біраз уақыт өте 1992 жылы салынған кесененің материалдары дұрыс болмай фундаменті отырып, қабырғасы қисая бастады. Содан 2015 жылы академик Еділ Ерғожин бауырымыз мамандармен, зиялы азаматтармен, бабаның ұрпақтарының үлкендерімен, имаммен ақылдасып, ескі кесенені сырып тастатып, сол орнына жаңадан үлкен кесене орнатты.



Шетелден, сапалы құрылыс материалдарын алдыртып, шетелдің құрылысшыларына салдырды. Кесене сапалы және әдемі болды. Бабаның басына тәу етіп, сиынып келген кісілерге барлық жағдай жасалды. Намаз оқып, тамақ ішіп, демалып отыратын үлкен қатымхана салынды, ішіне жарық, суы жүргізіліп, орындық - стол, ыдыс аяқтарына дейін әкелініп қойылды. Кесененің жан-жағына ағаштар отырғызылып, көгалдандырылып, кесенеге, қатымханаға баратын жолдарға плиткалар төселінді.

Талдықорған-Үштөбе тас жолынан

кесенеге дейін асфальт жол салынып, жолдың екі жағына ағаштар отырғызылды. Кесене тарихи ескертіш ретінде Халықаралық ЮНЕСКО-ға тіркелді. Осының бәрі Еділ бауырымыздың «бабамыздың аты өшпесін, ұрпақтары оны ұмытпасын» деп ескергені.

## ЕЛІ МЕН ЖЕРІНЕ АДАЛ АКАДЕМИК ЕДІЛ ЕРҒОЖИН

Ғалым, академик Еділ Ерғожин - біздің бауырымыз, тек ғылыми атағы бар жан емес, елін, жерін, ата-бабасын, ағайындарын шын көңілімен сүйіп, сыйлайтынын көрсетті. Соның айғағының бірі ретінде туып-өскен ауылы Екпінді мен Жетісудың халқы таза ауыз су ішін деп жердің асты тереңнен, су шығартып, әр үйге құбыр тартып, су жүргізіп бергенін айта кетсем артық емес дер едім.

Ғылымға, келешек ұрпаққа да қажетті үлкен жұмыстар атқарды. Айта берсек бауырымыздың істеген жұмыстары өте көп, қаншама ғылыми кітаптар жазып, елімізде, шет мемлекеттерге тараған. Жазған ғылыми еңбектері де көп болды, халықаралық Ғалым атаңды. Ақ, адал жүрегі әмісе елім, жерім деп соғып тұратын, бір бос уақыты бола қалса, ауылға шауып келетін, бабаның басына барып тәу етіп, үлкен қарияларға амандасып, сәлемдесіп қайтатын.

Осындай ақкөңіл, бауырмашыл, адал азамат 1920 жылы 79 жасында дүниеден өтті. Балалары бабасы Ескелдінің жанына жерлеп, басына кесене орнатты. Тірі болса елі талай жұмыстар атқаратын едің, асыл бауырым, Алланың жазуы осылай болды. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас, жаның жәннәтта болсын. Алла ол дүниеде де жақсылығын берсін. Артыңда қалған елің, жұртың, бала-шағаң аман болсын. Сенің атың, жасаған еңбектерің ешқашан өшпейді, ұмытылмайды, әмісе халықтың есінде болады!

## ЕСКЕЛДІ БАБАМЫЗДЫҢ БАС КИІМІ МЕН ДУЛЫҒАСЫН САҚТАП ОТЫРҒАН БАҚБЕРГЕН

Бабамыздың тікелей ұрпағы Бақберген бауырым Сүлеймен аға мен Мағрипа жеңгемнің балаларының кенжесі. Жастайынан тәртіпті, өнегелі болып өсті. Біз көрші болып тұрдық, әмісе үйдің шаруаларын жасап жүретін, балалар сияқты қыдырып, ойнап кетпейтін. Сүлеймен ағалардың үйінде бабамыздың бас киімі сақтаулы еді. Мағрипа жеңгеміз ол бас киімді аса қастерлі, өте таза, ұқыпты ұстады. Менің есімде бала кезімде ауырып, сырқаттанып қалсам анам үлкен үйге апарып бабамыздың қаппағын басыма кигізіп, дұға оқып сиынып, Аллаға жақсылығыңды, еміңді бер деп жалынып, жалбарынып сұрап отыратын. Ол кезде ауылда дәрігер жоқ еді, елдің көбісі кішкентай балаларын Сүлеймен ағаның үйіне алып келіп бабамыздың бас киіміне тәу етіп, сиынып жүретін.

Бақберген бауырым оқып, өсіп, ер жетіп, әскерге барып келіп, үйленіп бала-шағалы болып, колхозда машина айдап, жұмыс жасап жүрді. Жоғарыда айтып кеттім, үйлерінде бабамыздың бас киімі сақтаулы деп. Үйлеріне үлкен кісілер, молдалар

басқа да адамдар көп келіп-кетіп жататын, құран оқып, дұға оқып, бата жасап, тілектер тілеп.

Жастайынан осындай істерді көп көріп, естіп-біліп өскен бауырым, 1997 жылы діни оқу оқып келіп, Бабамыздың басына көшіп барып, шырақшы болды. Бабамыздың басына тәу етіп, сиынып келген елге құран оқып, дұға оқып, жақсы тілектер тілеп, бата оқып береді. Бабамыздың есиеттері, қасиеттері туралы уағыз айтады. Өзі де бабамыз туралы жан-жақты сұрастырып, іздестіріп жүреді. Сол еңбектерінің арқасында

Ескелді бабамыздың оқыған құран кітабын, дулығын, басқа да деректер тапты. Қазір Бақбергеннің қолында аса қасиетті әулие Ескелді би бабамыздың құран кітабы, бас киімі, дулығы бар. Бақберген бауырымыз іздестіру жұмыстарын ары қарай жалғастырып жүр. Еңбегің әбіірлі, жемісті болсын!



Советқали  
Ешмұхамбетұлы  
Керімбеков,  
Ескелді ауданы,  
Екпінді ауылы

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ - ЭТО САМЫЙ НАРОДНЫЙ ПРАЗДНИК

В ПЕРВЫЕ ГОДЫ ПРИОБРЕТЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА ОН ОТМЕЧАЛСЯ ПО ОДНООБРАЗНОМУ СЦЕНАРИЮ, КАК МАССОВОЕ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЕ ГУЛЯНЬЕ НАРОДА И ИМЕЛ ВИД ДЕКОРАТИВНОГО МЕРОПРИЯТИЯ. В ОСНОВНОМ, НА ПЛОЩАДЯХ ГОРОДОВ И СЕЛ, СТАВИЛИСЬ ЮРТЫ, КОТОРЫЕ СВЕРКАЛИ БЕЛИЗНОЙ, А ДОБРЫЕ ХОЗЯЕВА УГОЩАЛИ ГОСТЕЙ НАУРЫЗ КӨЖЕ И БАУРСАКАМИ. С ГОДАМИ ПРАЗДНИК СОВЕРШЕНСТВОВАЛСЯ НОВЫМИ ВВЕДЕНИЯМИ, СЦЕНАМИ, ИМЕЮЩИЕ БОЛЕЕ ГЛУБОКОЕ СОДЕРЖАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ И ТРАДИЦИЙ. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ПОПОЛНЯЛСЯ ЕЖЕГОДНО БОЛЕЕ ГЛУБОКИМ СОДЕРЖАНИЕМ, ТАКЖЕ МЕНЯЛСЯ ФОРМАТ ПРАЗДНОВАНИЯ. ЕСЛИ РАНЬШЕ ПОКАЗЫВАЛИ ТЕАТРАЛЬНЫЕ СЦЕНКИ ОТ ҚЫДЫР АТА И КАРАВАНА ЖИВОТНЫХ ОТ ВЕРБЛЮДА И КОНЕЙ И ОТМЕЧАЛСЯ НАУРЫЗ 1-2 ДНЯ, ТО НЫНЕШНИЕ НАУРЫЗЫ МЫ СТАЛИ ПРАЗДНОВАТЬ ДЕКАДОЙ ПРАЗДНИЧНОЙ ПРОГРАММЫ. ТО ЕСТЬ, ПРАЗДНИК ТОЖЕ ОБНОВЛЯЛСЯ, КАК НАШЕ ОБЩЕСТВО В ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ, ПОПОЛНЯЯСЬ ИДЕОЛОГИЧЕСКИМ СОДЕРЖАНИЕМ. А КАК ОТМЕЧАЛИ «НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ» КАЗАХИ, ПРОЖИВАЮЩИЕ В ДРУГИХ СТРАНАХ МИРА? ОБ ЭТОМ МЫ УЗНАЛИ ИЗ МАТЕРИАЛОВ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.

## Как отмечают Наурыз в разных странах мира

Праздник равноденствия и весеннего пробуждения с особым размахом отмечают, как правило, в странах Востока. В последнее время наблюдается тенденция увеличения количества государств, где этот день справляют, несмотря на то, что там он не является официальным. Известно, что Генеральная ассамблея ООН объявила 21 марта Международным днем Наурыза и призвала все страны прилагать усилия для популяризации этого древнего праздника. Наурыз отмечают не только в странах восточной Азии и Ближнего востока, но и по всему миру — страны, где проживают казахи, а также страны, у которых свои традиции и обычаи чествования дня весеннего равноденствия.

### НАУРЫЗ В АВСТРАЛИИ

На одной из улиц южноавстралийского города Аделаида, что расположен на берегу залива Сейнт Винсент, стоит белоснежная юрта, на первый взгляд, ничем неприметная. Но это, если не прислушиваться к доносящейся мелодии, не характерной для культуры местных жителей. Приоткрыв двери, можно увидеть предметы убранства, национальные



одежду и блюда тюркских народов, а в самом центре — флаг Казахстана. Собравшиеся снимают на телефоны красивое исполнение легендарного произведения Абая Кунанбаева «Көзімнің қарасы».

«Идея празднования Наурыза в Аделаиде возникла спонтанно. За несколько дней до основного события мы, группа активистов, в том числе казахстанцы, проживающие в Австралии, собственными силами собрали юрту, обставили ее. И я, наверное, стал первым казахстанцем, который провел ночь под шаныраком на австралийском материке (улыбается — прим. NT). За неделю организовали ознакомительные лекции для студентов о Центральной Азии, и не только, которые читали не только местные профессора, но и педагоги из Кембриджского университета, университетского колледжа Лондона — UCL. Все мероприятия проходили в коллаборации с татарами и уйгурами. Также мы проводили мастер-классы по вышивке, уроки танцев, а также

провели большой праздничный концерт», — говорит Ернияз Абильдин, докторант университета Аделаиды, президент студенческого клуба, который представляет Центральную Азию.

Как добавляет собеседник, в клубе 5-6 активных участников, а также присутствуют горожане и вносят вклад в пропаганду истории и культуры стран ЦА.

### США

Нью-Йорк, Хьюстон, Лос-Анджелес, Майами, Чикаго — во всех этих и других городах Соединенных Штатов Америки каждый год во второй декаде марта можно слышать поздравления на казахском языке, национальные песни и звучание домбры и кобыза. Так представители сообщества казахов KazCommunity USA от-



мечают Наурыз и знакомят американцев с родной культурой.

«В каждом городе США есть свое небольшое сообщество казахстанцев, но наше, KazCommunity USA, самое большое и объединяет почти все штаты. В марте в Нью-Йорке обычно холодно, поэтому праздничные мероприятия проводятся внутри зданий, но когда позволяет погода, устраиваем пикники. В Хьюстоне, Лос-Анджелесе, Майами, где в этот месяц значительно теплее, чем у нас, празднование организуют на свежем воздухе. Как правило, в день вечеринки каждый старается принести национальное казахское блюдо. Кто-то баурсаки, кто-то наурыз-коже. Вот и вчера мы поставили на праздничный стол выпечку, бешбармак, плов», — говорит основатель KazCommunity USA Талгат Абдрахманов, который живет и работает в Нью-Йорке с 2012 года.

По словам молодого человека, сообщество казахстанцев — одно из дружных и сплоченных в США. На празднование Наурыза приходят 250-300 человек, в том числе американцы, которые интересуются историей и культурой стран Востока.

### ЮАР

Жительница Южно-Африканской Республики Илсе Янсен, три года прорабо-



тавшая в одной из международных школ Нур-Султана, два года назад вернулась на родину. Переняв в Казахстане традицию праздновать Наурыз она увезла с собой и теперь рассказывает родным, друзьям и коллегам о том, что такое бешбармак, асык ату, а 21-22 марта старается приготовить блюда казахской нацио-



нальной кухни, рецепты которых взяла у бывших коллег-казахов.

«Когда была по работе в Казахстане, влюбилась в культуру местного народа. Перед отъездом купила множество национальных жилетов, которые с удовольствием дарю своим близким, и не только. В этом году мы отмечаем Наурыз в Кейптауне, и этот особый день совпадает с Днем прав человека в Южной Африке — 21-22 марта, который является особым для южноафриканцев», — говорит Илсе Янсен.

Как добавляет собеседница, Наурыз вызывает много счастливых воспоминаний о времени, которое она с сыном провела в Казахстане (2016-2019 годы — прим. NT).

«Мы с любовью вспоминаем общение, казахскую культурную гордость и восхитительную казахскую кухню — бешбармак, кымыз и баурсаки, которые подавались во время празднования Наурыза в наших школах. Нам также очень не хватает г-жи Мадины Ахтановой и ее семьи, которые приветствовали, направляли и поддерживали нас во время нашего пребывания в Нур-Султане. Кстати, когда мы жили в Казахстане, баурсак напоминал нам о традиционной южноафриканской еде под названием vetkoek, что в вольном переводе означает fat cake на английском языке», — подчеркивает педагог из ЮАР.

### ТУРЦИЯ

В Турции, так же как и в Казахстане, праздник весеннего равноденствия ассоциируется с пробуждением природы и называется Навруз (Nevruz Bayramı — прим. NT). Отмечают его по всем традициям, но без особого размаха.

«Навруз отмечается здесь 21 марта и не считается выходным днем. В разных регионах его празднуют по-разному, но

все турки стараются сделать ряд важных дел. К примеру, навести порядок в доме, закрыть долги, щедро накрыть стол. Кстати, на праздничный дастархан ставят восточные сладости, чебуреки. Одним из коронных блюд считается сумалек, который готовят из зерен проросшей пшеницы», — рассказывает жительница Турции Александра Окорокова.

Согласно устоявшемуся поверью, как добавляет девушка, в ночь с 20 на 21 марта турки стараются расставить вокруг кровати предметы, которые ассоциируются с благополучием, богатством и счастьем, а все потому, что первая увиденная после пробуждения на Nevruz Bayramı вещь станет символом на весь год.

«Слышала, что в некоторых районах жители собирают дождевую воду, а 21 марта моют ею животных. Такой ритуал якобы положительно сказывается на развитии сельскохозяйственной отрасли», — добавляет собеседница.

### ФРАНЦИЯ

Казахи, живущие в Париже 30 лет, отметили Наурыз. Корреспондент теле-



канала «Хабар 24» встретила Наурыз в семье парижских казахов, которые живут во Франции уже три десятилетия.

Ничего удивительного, если не знать биографии главы семьи. Он родился в Пакистане, вырос в Турции и 30 лет назад обосновался во Франции. Но родной своей считает Казахстан, в котором бывает только в гостях.

За пределами родины возрожденный Наурыз стал общими праздником. Здесь он собрал за одним столом граждан Франции, Турции и Казахстана. Самая большая казахская диаспора в Париже - 300 семей, которые переселились сюда из Турции. В дни Наурыза они собираются в домашней обстановке. А народные гулянья по случаю праздника весны традиционно пройдут в начале апреля в центре французской столицы.

Австралия, Африка, Америка или Турция... Наурыз объединяет множество стран и даже континенты, несмотря на разницу культур местного населения. Поэтому можно сказать им: С Новым годом! Пусть прекратятся войны и настанут мирные дни! Всем здоровья и мирного неба!

Баян ТАНАТАРОВА



## Бейсенбі - Четверг, 26 наурыз

### ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 «Түрлі дәм» 09.30  
Кино «Казахи против при-  
шельцев»  
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»  
12.30 «ОйнаQ»  
13.30 Мультфильм «На край  
света: в поисках единорога»  
15.00 Концерт  
«Қазақстаным»  
16.30, 21.00 Әсем әндер  
17.00 Т/с «Чужая милая»  
19.00 Новости  
19.30 Кино. «Тақия. что в её  
голове?»  
21.30 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

06.00.03.45 «Паутина»  
07.00 «қайырлы таң,  
Қазақстан!»  
08.30 «доброе утро, Казах-  
стан!»  
10.00 «жить здорово!»  
10.45 «модный приговор»  
11.45 Т/с «Счастливчик  
Пашка»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 «Qoslike»  
18.30.02.30 «Басты  
жаңалықтар»  
19.00, 03.00 «Koremix-шоу»  
20.00.00.45 «Главные ново-  
сти»  
20.30 X/ф«Измена»  
01.30 Т/с «Серафима пре-  
красная»

### КТК

07.05 «Әнім сен едің»  
07.20 «Назира»  
10.10 Т/с «Горячий»  
12.10 Т/с «Клан ювелиров»  
14.10 Т/с «Цвет мести»  
16.40 Т/с «джамайка»  
18.30 Т/с «Однажды в Чуку-  
рова»  
20.35 кешкі жаңалықтар  
21.00 вечерние новости  
21.40 Т/с «клан ювелиров»  
23.40 Т/с «Горячий»  
01.30 Т/с «Джамайка»  
03.00 «Назира»  
05.30 кешкі жаңалықтар  
(қайталау)  
05.50 «әнім сен едің», ойын-  
сауық (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей  
эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 К/ф «Бір үйдің бала-  
сындай»  
10.05 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Туысқанның  
үйіне бармаймын»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Ұлттық паркер-  
ұлттық байлығымыз»

12.00 «Келін BATTLE» /  
тікелей эфир/  
14.20 К/ф «Мектеп  
президенті»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей  
эфир  
15.20 «Агро аймақ»  
15.35 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Көлеңкедегі күш»  
17.00 «Әу» де» /тікелей  
эфир  
18.00 «19 регион» /тікелей  
эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Таза мекен»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Национальные  
парки Казахстана»  
20.30 Қорытынды  
жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Вкус жизни»  
21.15 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Лидер»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.10 «Біздің толқын»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»  
ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын»  
07.00 «Күліп All» ойын-сауық  
07.30 «Тәтті шоу» ойын-  
сауық  
08.00, 01.10 «31 әзіл»  
09.30 М/с «Губка Боб»  
10.40 М/с «Пингины Мада-  
гаскара»  
11.30 М/с «Кунг-фу Панда»  
12.20 Бай Байхэ в фэнтези  
«Охота на монстра»  
14.40 X/ф«Человек-паук-2»  
17.20 X/ф«Терминал»  
20.00 Информбюро (рус.,  
каз.)  
21.00 X/ф«Король неба»  
23.30 «БОЗТОРҒАЙ» Т/хсы  
03.00 «Тik Tok show» ойын-  
сауық  
03.20, 05.00 «What's up?»  
ойын -сауық  
04.20 «1001 Әзіл»  
04.30 Телевикторина

### 7 КАНАЛ

06.02 Алдараспан  
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген  
жапырақтар»  
08.40, 13.30 «Ну, погоди!»  
08.50 X/ф«Любовь и голуби»  
11.00, 20.00 Т/с «Ветренный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
14.30 Т/с «Императрица Ки»  
17.00, 18.30 Т/с «Великолеп-  
ный век. Хюррем»  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
23.20 Т/х «әмірші әйел»  
01.20 Жаңалықтар  
01.50 Новости  
02.20 «Бастық боламын».  
Т/х  
03.20 Т/х «Тек қана қыздар»  
03.50 Гүл-гүл шоу  
04.10 Жұлдызды шаңырақта  
04.50 Япырай  
05.20 Әсекшілер

## Жексенбі - Воскресенье, 29 наурыз

### ХАБАР

05.00,23.05 Т/х  
«Фатмагүл»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 Концерт «Қазақ  
киносының музыка  
әлемі»  
09.30 Әсем әндер  
10.00 М/ф «Дерево  
желани»  
11.20 М/с «Турбозавры»  
11.50 «Киноман»  
12.00 X/ф«Самоволка»  
14.00 «Әмір өнегі»  
15.15 Т/х «Келінжан-6»  
17.45 Т/х «Достық 13»  
19.00 «7-күн»  
20.00 «Қызық times»  
21.15 X/ф«Голая прав-  
да»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.35 «Паутина»  
06.45 Т/с «Конец игры»  
07.45 «Асау жаңалықтар»  
08.25 «Заң мен ел»  
08.50 Т/с «Нефритовая  
черепаха»  
12.20 Т/с «Провинциял-  
ка»  
14.00 Ток-шоу «Говорим о  
главном»  
15.00 «Провинциялка»  
продолжение  
18.00 X/ф«Брошенная  
невеста»  
20.00 Аналитика  
20.50 «Анықтаймыз.Рус-  
лан Өтепбаймен»  
21.40 Т/с «Валькины не-  
счастья»  
01.40 Т/с «Падение  
ордена»

## Жұма - Пятница, 27 наурыз

### ХАБАР

05.00,23.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 «Түрлі дәм»  
09.30 Кино «Тақия.Что в ее  
голове»  
11.00,21.00 Әсем әндер  
11.30 Т/х «Достық 13»  
12.30 «ОйнаQ»  
13.30 М/ф «Ранго»  
15.10 Концерт  
«Айбозым,айхай бозым»  
17.00 Сриял «Чужая милая»  
19.00 Новости  
19.30  
X/ф«Капкарашка:Кубинская  
история»  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «Қоғам пікірі» саяси  
ток-шоуы

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң.  
Қазақстан»  
08.30 «Доброе утро.Казах-  
стан»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.45 Сериял «Счастливчик  
Пашка»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30«Qoslike»  
18.30,03.00 «Басты  
жаңалықтар»  
19.00,03.30 «Koremix-шоу»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 «Парламент Online»  
20.55 «Поле чудес»  
22.10 X/ф«Я иду тебя ис-  
кать-10»  
02.10 Сериял «Падение  
ордена»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
(қайталау)  
07.25 «Әнім сен едің»  
08.00 Ө/ф «Күзде гүлдеген  
ағаш»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Сериал «Горячий»  
12.10 Сериял «Клан ювели-  
ров»  
14.10 Сериял «Цвет мести»  
16.40 Сериял «Джамайка»  
18.30 Сериял «Однажды в  
Чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериял «Однажды в  
Залесье»  
01.40 Сериял «Джамайка»  
03.10 «Күзде гүлдеген ағаш»  
өзбек т/х. (қайталау)  
04.20 Кешкі жаңалықтар  
(қайталау)  
04.40 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей  
эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости

### КТК

07.05 «Махаббат әлемі»  
08.30 Өзбек т/х «Көзден  
ұшқан жұмақ»  
10.00 Сериал «Однажды в  
Зальсе»  
14.00 Т/с «Однажды в  
Чукурова»  
18.30 «Алдараспан»  
21.00 «Портрет недели»  
22.00 «Было дело»  
23.10 «Джохан-2»  
00.50 Ө/ф «Көзден ұшқан  
жұмақ»  
02.10 «Алдараспан»  
05.20 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
09.00 «Апта» (қаз)

## Сенбі - Суббота, 28 наурыз

### ХАБАР

05.00,00.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 Концерт «Сәлем  
саған туған ел»  
09.35 «Детская медеецина»  
10.00 М/ф «Ранго»  
11.35 М/ф «Турбозавры»  
12.10 X/ф«Голая правда»  
14.00 «XXI-ғасыр  
көшбасшысы»  
15.30 «Қызық times»  
16.45 Т/х «Келінжан-6»  
19.00 «7 күн»  
19.40 Жұмыр жер  
20.00 Cover show  
22.00 X/ф«Самоволка»

### ЕВРАЗИЯ

06.00,03.50 «Паутина»  
06.50 Т/с «Конец игры»  
08.55 «Главные новости»  
09.25 «Парламент online»  
09.55 «Наши любимые  
мультики», «Бременские  
музыканты»  
10.50 М/ф «Я иду тебя ис-  
кать-10».  
15.00 «QOSLIKE»  
17.45 X/ф«Любовь на  
четырёх колесах»  
20.00 «Асау жаңалықтар»  
20.35 «Заң мен ел»  
21.00 Т/с «Провинциялка»  
01.10 Кино «Всем всего  
хорошего»  
03.00 Т/с «Падение орде-  
на»

### КТК

07.05 «Әнім сен едің»  
08.00 «Бейтаныс жұлдыз»  
өзбек т/х  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Т/с «Однажды в  
зальсе»  
14.00 Т/с «Однажды в  
Чукурова»  
18.30 «Махаббат әлемі»  
21.00 Сериал «Однажды в  
зальсе»  
01.10 Т/х «Джохан»  
02.50 Ө/ф «Бейтаныс  
жұлдыз»  
04.10 «Махаббат  
әлемі»(қайталау)  
06.20 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Үлкен отбасы»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Моя работа –  
часть меня»  
12.00 «Біздің толқын»  
12.50 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00,05.00 «Әзіл студио»  
07.00 «Күліп All»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.00 М/с«Губка боб»  
08.30 М/с «Пингины Ма-  
дагаскара»  
09.20 «Готовим с Адель»  
10.00 «TeleBingo»  
10.30.00.30 «New me»  
11.00 «Саумал»  
11.20,03.00 «ТikTok show»  
11.30 X/ф«Сезон охоты-3»  
13.10 X/ф«Камуфляж и  
шпионаж»  
15.10 X/ф«Звездная пыль»  
17.50 X/ф«Робин Гуд на-  
чало»  
20.00 X/ф«Человек пау-  
к-3:Враг в отражении»  
22.50 X/ф«Стрит:бейся до  
конца»  
01.00 «31-Әзіл»  
03.30 «Тамаша vine»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Әзіл студио»  
07.00 «Күліп All»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.00 М/с «Губка Боб»  
09.10 М/с «Кунг-фу панда»  
10.00 К/П «Готовим с  
Адель»  
10.40,11.20 «Шаншар»  
11.00 «Саумал»  
13.00 Кино «Хотя бы  
кинода-2»  
15.00 X/ф«Сезог охоты-3»  
16.30 X/ф«Камуфляж и  
шпионаж»  
18.30 Худ.филь «Я робот»  
20.40 X/ф«Робин Гуд на-  
чало»  
22.50 X/ф«Терминал»  
01.20 «Bizdin show»  
02.30 «31 әзіл»  
03.30 «Тамаша line»  
05.00 «1001 Әзіл»  
05.10 Т/в «BALA BATLLE»  
05.30 «What's up?»

### 7 КАНАЛ

06.02 Алдараспан  
07.00,22.00 Т/х «Үзілген  
жапырақтар»  
08.30 «Зың-Зың Күлпаш»  
09.00 Т/с «Қарадайы.  
Бесценная правда»  
13.00 «Шымкент шоу»  
15.20 X/ф«Станция судь-  
бы»  
17.00 «Жарқыраған  
жұлдыз»  
18.30 Сериал «Великолеп-  
ный век Хюррем»  
20.00 Сериал «Ветрен-  
ный»  
23.30 X/ф«Родной ребе-  
нок»  
01.50 Гүл гүл шоу  
02.50 Жарқыраған жұлдыз  
03.40 Жұлдызды  
шаңырақта  
04.30 Қызықты weekend  
05.10 Т/х «Әсекшілер»

### 7 КАНАЛ

06.02 Жарқыраған жұлдыз  
07.00,22.00 Т/х «Үзілген  
жапырақтар»  
08.30 «Зың-Зың Күлпаш»  
09.05 Т/с «Қарадайы.Бес-  
ценная правда»  
13.00 «Тастаймын-ау сені»  
14.50 X/ф«Родной ребе-  
нок»  
18.00 Сериал «Великолеп-  
ный век Хюррем»  
20.00 Т/с «Ветренный»  
23.20 «Көке» к/ф  
01.20 «Алдараспан»  
02.50 Гүл гүл шоу  
03.50 Жарқыраған жұлдыз  
04.40 Жұлдызды  
шаңырақта  
05.20 Т/х «Әсекшілер»

# ЖЫЛ ҚАЙЫРА БІЛЕСІЗ БЕ?

БІЗДІҢ БАЛА КЕЗІМІЗДЕ ҮЛКЕНДЕР «ЖАСЫҢ НЕШЕДЕ»? ДЕП СҰРАМАЙТЫН, КЕРІСІНШЕ «ҚАЙ ЖЫЛҒЫСЫҢ»? ДЕП СҰРАЙТЫН. БІЗ ТУҒАН ЖЫЛЫМЫЗДЫ ЦИФРМЕН АЙТҚАНДА ОЛ КІСІЛЕР ӨЗДЕРІНІҢ ЖЫЛЫМЕН САЛЫСТЫРЫП ОТЫРЫП, «ЕЕ, БАРЫС ЖЫЛЫ ТУЫПСЫҢ» ДЕЙТІН. НЕМЕСЕ ЖЫЛЫҢНЫҢ АТЫН АЙТҚАНДА «ҚОЯННАН ҚОЯН ОН ҮШ, ҚОЯННАН ҚОЯН 25» ДЕГЕНДЕЙ АРЫ ҚАРАЙ ЕСЕПТЕЙ ЖӨНЕЛІП, ЖАСЫҢЫЗДЫ ҚОЛМЕН ҚОЙҒАНДАЙ АЙТАТЫН. БІЗ ОНЫ КӨПКЕ ДЕЙІН ТҮСІНБЕЙ ЖҮРДІК. МЫСАЛЫ, БІР ЖЫЛДЫҢ ТӨЛІМІЗ ДЕП САНАП ЖҮРСЕК, СОЛ ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗЫНА ДЕЙІН ТУҒАНДАР БАСҚА ЖЫЛ БОЛЫП, НАУРЫЗ АЙЫНАН КЕЙІН ТУҒАНДАР БАСҚА ЖЫЛ АТЫМЕН АТАЛАДЫ ЕКЕН. ӘЖЕЛЕРІМІЗДІҢ АЙТУЫНША ҚАЗАҚША ЖЫЛ САНАУ ЕҢ ДҰРЫСЫН КӨРСЕТЕТІН САНАУ.

Жыл қайырудың байыбына бара бермейтін жастар біздер мұны қалай біледі екен деп, бір түрлі таңырқай қарайтынбыз. Одан кейін өсе келе «мүшел жас» деген ұғымды еститін болдық. Оны да өте қиындықпен меңгердік. Бірінші мүшел 13 - деп аласың да оған 12 жасты қосып отырсаң, сол жасың мүшел жас болып есептеледі – деп түсіндіретін әжеміз. Сонда сіздің алғашқы мүшел жасыңыз 13 екен. Ал қазіргі кезде жыл санаудың оңай варианттары пайда болыпты. Мысалы «Дидар» газетіндегі жарияланған мақалада ескіше жыл қайыру әдісімен өзіңіздің қазақша қай жылы туғаныңызды, неше мүшелге толғаныңызды білгіңіз келсе, қолыңызға қалта телефоныңызды алып, калькуляторын іске қосыңыз. Григориан күнтізбесі бойынша өз туған жылыңызды 12 санына бөлесіз, егер ол еш қалдықсыз бөлінсе, мешін жылы дүниеге келгенсіз.

Ал егер ол бүтін бөлінбей, қалдықпен шықса, жылды сол қалдық бойынша анықтайсыз. Мысалы, 1 қалдық – тауық жылы, 2 қалдық – ит жылы, 3 қалдық – доңыз жылы, 4 қалдық – тышқан жылы, 5 қалдық – сиыр жылы, 6 қалдық – барыс жылы, 7 қалдық – қоян жылы, 8 қалдық – ұлу жылы, 9 қалдық – жылан жылы, 10 қалдық – жылқы жылы, 11 қалдық – қой жылы.

Ал мүшел есебінің қай жылына жататыныңызды білу үшін туған айыңыз бен күніңізді қоса ескеріңіз. Өйткені ескіше жыл санау мен григориан күнтізбесі толық сәйкес келмейді. Айталық, сіз 1961 жылы тусаңыз бұл санды 12-ге бөлесіз.  $1961:12=163$  және 5 қалдық шығады ( $1961=12 \times 163 + 5$ ). 5 қалдық сиыр жылына тура келеді. Бірақ ескіше мүшел жылы наурыздың 22-сінде басталатындықтан, сіз сиыр емес, оның алдында тұрған тышқан жылында дүниеге келген болып

саналасыз.

Жыл санау мен жыл қайыру наурыз айынан басталатынын ұмытпау керек. Жыл басы тышқан. Жыл қайыру да осы тышқаннан басталады және оның реттік кезегі мынадай:

1 Тышқан	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020	2032
2 Сиыр	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021	2033
3 Барыс	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022	2034
4 Қоян	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023	2035
5 Ұлу	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024	2036
6 Жылан	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2025	2037
7 Жылқы	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2026	2038
8 Қой	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2027	2039
9 Мешін	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2028	2040
10 Тауық	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2029	2041
11 Ит	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2030	2042
12 Доңыз	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2031	2043

#БабаларМұрасы



## ЕЛІМНІҢ БАҚ ПАНДАРЫ

Көктем сұлу тіршіліктің шуағы,  
Тамылжиды, күліп аққан бұлағы.  
Албырайды нәзік үлпек бүрлері,  
Тербетіліп сәмбі талдар сырғалы.

Қыр өңірлер жұпарланған құлпырып,  
Аққан жылға, сайраған құс, сыр тұнып.  
Көңіл сезім ғажап сазын шертеді,  
Мұнар көшіп, самал есіп, күн күліп.

Көктем кербез, ару қыздар керілген,  
Жаңбыр тамшы, мөлдір моншақ төгілген.  
Өзен тулап, мұзы қатқан сетінеп,  
Тұман көшкен, боз шудасы өрілген.

Желкілдейді қыр балғыны үлбіреп,  
Ой толқиды жанға ләззат бір үн кеп.  
Шабыт билеп әкетеді еріксіз,  
Заңғарлары арман, қиял күй билеп.

Ырық бермес көктем іңкәр ой тағат,  
Жан құмары баурап тылсым, бір ғажап,  
Сұлулығы шексіз айтып бітпейсің,  
Тау мен дала, өзен суын, тұнған бақ.

Наурыз ару – қуаныш жыр наздары,  
Қиқулаған аққу, тырна, қаздары.  
Сылаңдаған жылға, желек көк жұпар,  
Гүл мереке, елімнің бақ таңдары.

## ЖЫЛДЫҢ БАСЫ

Көк еркесі аққу, қаздар,  
Келіп жатыр гүл көктемде.  
Қиқулаған ерке наздар,  
Қонып жатыр балғын төрге.

Ақ бауырын төсеп жерге,  
Туған жерін сағынғандай.  
Ұлан ғайыр байтақ өлке,  
Қалың кілем жамылғандай.

Қамыс, қоға үнін қосқан,  
Сыбызғылы сазы қандай.  
Самал жұпар, мөлдір аспан.  
Бұлақ аққан дәмі балдай.


Жыл құстары сайрап-шулап,  
Күй базарын дүбірлеткен.  
Жылдың басы Наурыз шуақ,  
Тамылжиды күліп жеткен.

Көктем ару - гүл табиғат,  
Жұпар самал әзі ескен.  
Қазақстан – Елім жыр бақ,  
Туы асқақ нұрын төккен.

Серікбай ТҰРЛАН,  
Талдықорған қаласы

## Елім менің

М / Әні – Жұман Тұрдиевтікі



Елім менің қазынамсың ортайма,  
Көгере бер табиғаттай қартайма.  
Табиғаттың шипагері өзіңсің,  
Бір өзіңдей ыстық маған жер қайда.

Елім менің жерұйығым орманым,  
Елім менің бейбітшілік қорғаны.  
Елім менің имандылық мекені,  
Бабалардың өмірдегі арманы.

Елім менің домбыраның әуені,  
Елім менің ол білімнің әлемі.  
Берік болып, қала берсін еліне,  
Ата заңның жаңа өмірге сәлемі.

Ата заңын ұрпақтар да бағалар,  
Ата заңда кең әлемді аралар.  
Бабалардың аруақтары қолдасын,  
Елімізге бақыт құсы боп оралар.



# ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

**КЕЗ КЕЛГЕН ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДІҢ ӨЗИНІҢ ТУЫ, ЕЛТАҢБАСЫ, ӘНҰРАНЫ, ШЕКАРАСЫ БОЛАТЫН СЕКІЛДІ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ БОЛАДЫ. ДЕМЕК МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ АТРИБУТТАРЫНЫҢ БІРІ.**

Тіл халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде соңғы кезде сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекеттік басшысының тіл саясатында дұрыс бағытты ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқытып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Мемлекеттік саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Ең бастысы - тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау, оны өмірде қолдану мен қорғау басшыдан бастау алу керек. Ал егер өзіміз бен мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

Сондықтан мемлекеттік тілді ұлттық идея етіп, сол тілде қолданып, сол тілде

сөйлеп, елімізге адал қызмет етейік.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту - тілге жанашыр азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызға сақтап, соны іске асыруға жұмыла кіріссек, мәселе оңынан шешіледі деген сенімдемін.

Басқарманың мемлекеттік тапсырыс аясындағы жоспар бойынша мемлекеттік тілмен қатар, жиһанға жол ашатын ағылшын тілін оқып, үйренуге толық мүмкіндік жасалған.

Тіл – қатынастың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттық жаны.

Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өйткені, ана тілінің өмір сүруі кеңістігін тілді сақтау, ал тілді сақтау ел тұтастығын сақтау.

Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі.

Тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттің тұғыры. Сол болашақтың берік іргетасын бүгін қалауымыз қажет.

**Гайнигүл ТӨКЕНОВА,  
Жетісу облысы Талдықорған  
қаласының мамандырылған тергеу  
сотының әкімшісінің бас маманы.**

**ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖЕКЕ ПРАКТИКА НЕГІЗІНДЕ АТҚАРҒАНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ЖАТПАЙДЫ. ДЕГЕНМЕН ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТОЛЫҚТАЙ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛЕДІ ЖӘНЕ ТИІСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ТАРАПЫНАН БАҚЫЛАНАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫ КӘСІБИ ҰЙЫМДАРҒА МҮШЕ БОЛЫП, ҚЫЗМЕТ БАРЫСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУҒА МІНДЕТТІ.**

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Негізгі міндеті – сот шешімдері мен атқару парақтарының орындалуын қамтамасыз ету. Егер борышкер сот шешімін өз еркімен орындамаса, онда заңда көзделген мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Мұндай шараларға борышкердің банктік шоттарына тыйым салу, оның мүлкін анықтау, мүлікке шектеу қою, мүлікті тәркілеу немесе оны сату арқылы қарызды өндіріп алу жатады. Бұл әрекеттердің барлығы заң шеңберінде және белгіленген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке сот орындаушысының жұмысында жауапкершілік өте жоғары. Өрбір атқарушылық іс нақты заң талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар атқарушылық іс жүргізу барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері сақталуы қажет. Сондықтан біз әрбір істі мұқият қарап, заң нормаларын қатаң ұстанамыз.

Жеке сот орындаушыларының қызметі қоғам үшін маңызды. Мысалы, алимент өндіріп алу, қарыздарды қайтару, айыппұлдарды өндіріп алу сияқты істерде біздің жұмысымыз азаматтардың құқықтарын қорғауға көмектеседі. Әсіресе алимент өндіріп алу мәселесінде жеке сот орындаушылары балалардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар біздің қызметіміз экономикалық қатынастардың

тұрақтылығына да әсер етеді. Кәсіпкерлер арасындағы қаржылық міндеттемелердің орындалуы, келісімшарттық міндеттердің сақталуы және сот шешімдерінің жүзеге асуы құқықтық тәртіптің нығаюына ықпал етеді. Егер сот шешімдері орындалмаса, онда заң үстемдігі әлсірейді.

Жеке сот орындаушысы ретінде мен үшін ең маңызды қағида – заңдылық, әділдік және кәсібилік. Өрбір атқарушылық іс тек заң талаптарына сәйкес жүргізіледі. Азаматтар сот орындаушысының әрекеттерімен келіспеген жағдайда заңда белгіленген тәртіп бойынша шағымдануға құқылы. Бұл жүйенің ашықтығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, жеке сот орындаушысы – сот шешімдерін және атқару парақтарын мәжбүрлеп орындау құқығына ие, лицензия негізінде жеке практикамен айналысатын маман. Біздің қызметіміз сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету арқылы заң үстемдігін нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Сондықтан жеке сот орындаушыларының тиімді жұмысы қоғамдағы құқықтық тәртіптің сақталуында маңызды рөл атқарады.

**Ержан ХИЗАТОВ,  
Жетісу облысы бойынша жеке  
сот орындаушысы**

## СОТ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САРАПТАМА

**Жетісу облысы бойынша Сот сараптамалары институтында бүгінгі күні ҚР Әділет министрінің 2017 жылғы №306 бұйрығымен бекітілген 58 сот сарапшылық мамандықтың 30 сарапшылық мамандығы бойынша сарапшылар арнайы ғылыми білімімен сот сараптамалар жүргізіледі.**

Сот экономикалық сараптамасының мәні - қаржы-шаруашылық операциялары.

Сот экономикалық сараптамасының объектілері сот экономикалық сараптамасына ұсынылған бастапқы есепке алу құжаттары және өзге де есептілік құжаттар болып табылады.

Экономикалық сот сараптамасы шеңберіндегі сарапшылық зерттеудің әдісі – ұсынылған қаржы-шаруашылық құжаттарын құжаттамалық бақылау әдісі.

Объекті ретінде экономикалық сот сараптамасына зерттеу мәніне жататын бухгалтерлік құжаттар тігілген және нөмірленген күйінде тізімдермен ұсынылады.

Сот экономикалық сараптама шешуіне қойылатын сұрақтар құқықтық сипатта емес, сот сарапшының құзыретіне кіретін сот экономикалық сараптамасының мәніне қатысты болу қажет.

Сот экономикалық сараптама келесі сарапшылық мамандықтары бойынша:

1. Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеуде – сарапшыға қойылған сұрақтар бойынша кәсіпорынның қаржылық есептік көрсеткіштерінің сәйкестігін, шаруашылық қызметтерін анықтау, ақша қаражаттарының қандай мақсаттарға пайдаланылғанын, кредиторлық (дебиторлық) берешек сомаларын анықтау болып табылады.

2. Сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеуде – есеп айырысу операцияларының есепке алынуын, зерттелетін кезеңдегі ақша қаражаттарының касса және

банк есепшоттарындағы ақша қаражатының кірісін-шығысын анықтау және іс үшін маңызы бар сарапшының құзыретіне жататын өзге де сұрақтарды шешу.

3. Сот-сараптамалық қаржы-несиелік зерттеуде – қарызы бойынша берешекті анықтау және қойылған сұрақтар үшін маңызы бар өзге де қаржы-кредиттік операцияларды зерттеу.

4. Сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеуде – салық пен міндетті төлемнің түрін, мөлшерін (зерттеу кезеңін көрсете отырып) анықтау және бюджетке төленген/ төленбеген және төленетін салықтардың мөлшерін анықтау.

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары және қонақтары егер Сіздерде ақылы сараптама тағайындау туралы сұрақтар туындаған жағдайда Талдықорған қаласы, Жасұлан көшесі 2Б үйде орналасқан Жетісу облысы бойынша Сот сараптамалары институтының сарапшыларымен кеңесе отырып кез келген заңды және жеке тұлғалардың жазбаша өтініштерімен ақылы сараптама зерттеуін жүргізе аласыздар. Ақылы қызмет сараптамасын сот сараптамалары институтында ғылыми құралдар мен әдістерді пайдалана отырып, бұл жағдайда мамандар ретінде сарапшылар орындайтын келісім шарт негізіндегі зерттеулер жүргізіледі.

**Ляззат ЕСИМОВА,  
Жетісу облысы бойынша Сот  
сараптамалары институтының  
бас сарапшысы**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ҚҰРУ, ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ПРОЦЕСТЕРІН БАЯУЛАТАДЫ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАРЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕДІ, БҰЛ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫНА ЕЛЕУЛІ ҚАТЕР ТӨНДІРЕДІ.**

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық кез келген қоғамда, кез келген мемлекетте орын алып отыр. Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетшілік проблемадан жаһандық проблемаға айналууда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі - моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Өйткені, тәртіпті және заңды білетін адам заңдарды бұзбайды. Жалпы айтқанда, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды.

**Айжан СЫДЫҚОВА,  
«Қапал орман шаруашылығы» КММ  
орман шебері**

## РЕФЕРЕНДУМ

## ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫН ЖАҚТАП ДАУЫС БЕРДІ

Елімізде өткен республикалық референдум маңызды қоғамдық-саяси оқиға ғана болып қоймай, сонымен қатар халықтың азаматтық белсенділігін де паш етті. Жалпылай алғанда, референдум деген ұғым нені білдіреді? Референдум – мемлекеттің маңызды мәселелерін тікелей халықтың дауыс беруі арқылы шешу тәсілі. Бұл демократиялық қоғамның басты қағидаттарының бірі болып саналады. Референдум арқылы азаматтар ел болашағына әсер ететін шешімдерді қабылдауға қатысады. Сондықтан оның саяси және қоғамдық маңызы өте зор.

Соңғы жылдары әлемде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту үрдісі күшейіп келеді. Сарапшылардың бағалауынша,

1990 жылдан бері әлемнің 100-ден астам елінде конституциялық реформалар жүргізілген, олардың шамамен 60%-ы референдум арқылы қабылданған. Саясаттанушылардың пікірінше, референдум арқылы қабылданған конституциялық өзгерістердің қоғам тарапынан қабылдану деңгейі парламенттік жолмен қабылданған реформаларға қарағанда 1,5-2 есе жоғары болады екен.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында референдум бірнеше рет өткізілді. Бұл құжат елдің саяси жүйесін айқындап, мемлекеттік басқарудың негізгі бағыттарын белгіледі. Кейінгі жылдары да конституциялық өзгерістер бойынша жалпыхалықтық дауыс беру ұйымдастырылды. Мұндай шаралар

азаматтардың мемлекет ісіне араласуына мүмкіндік береді. Референдумның басты артықшылығы – шешімнің заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуі. Халықтың көпшілігі қолдаған бастама қоғам тарапынан да кең қолдау табады.

Сайып келгенде, референдум – халық пен билік арасындағы сенімді нығайтатын маңызды демократиялық тетік. Ол елдің даму бағытын айқындауда шешуші рөл атқарады. Сондықтан 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдумға қазақстандықтар белсене қатысып, өз таңдауын жасады. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде жарқын паш етілді. «Біз бүгін

бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек», - деп қадап айтты Президент.

Бақыт ЖАПАРОВА,

Текелі қалалық сотының бас маманы.

## ТАҒЫЛЫМ

## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ЖАЛҒАСТЫРУ – МҰРА

Аға буын өкілдерінің ұрпақтар сабақтастығы бойынша мақсаты – жастардың ұлттық мәдениетін, ана тілін, салт-дәстүрлерді және адам құндылықтарды сақтауға, оны жаңғыртуға, ұлттық және мәдени бірегейлікті дамытуға үлес қосу. Еліміздегі жасампаз жаңалықтар, орасан зор саяси оқиғалар бәрімізге жоғары жауапкершілік жүктейді. Бірлік пен ынтымақта, татулық пен тұрақтылықта және бірлесе атқарғанда ғана алға қойған мерейлі мақсаттарға қол жеткіземіз.

Ата-бабаларымыз баланы бесіктен жақсылыққа баулыған. «Үлкенді сыйла, сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні терең. Бала кісілікті, адамгершілікті, едептілікті, сыпайылықты, тіпті өрескел мінез бен бұзақылықты да алғаш өз отбасында көреді. Бұл орайда: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген халқымыздың даналық сөзі отбасы тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Патриоттық сезімнің қалыптасуына ең алдымен ата-ана ықпал етеді. Отанды сүю отбасынан басталады, сондықтан да бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды міндет десек, еш қателеспейміз. Қоғам бұл іске парасаттылықпен қарап, байсалдылықпен жұмыла білуі тиіс.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие үлгісін ұғындыру – қазіргі заман талабы және қоғам қажеттілігі. Отаншылдық,

білімпаздық, еңбекқорлық, үнемшілдік, жанашырлық, әділдік сияқты «Адал азаматқа» тән қасиеттер, ең алдымен, отбасында қалыптасады. «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген сөзге отбасындағы тәрбие тұтас сыйып кетеді. Әкесін пана тұтып, ана мейіріміне қанып өскен ұрпақ та өнегелі болады.

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құратындығына және оларды мемлекет әрдайым қолдайтындығына баса назар аударып, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл ең алдымен үлкендердің кінәсі екендігін айтқан болатын. Сонымен бірге, ол: «Бала тәрбиесі – ең алдымен ата-ананың міндеті, ал мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы» деп қадап айтты.

Сан ғасырлар бойы сұрыптаудан өткен ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, рухани байлықпен өскелең ұрпақты сусындатуды ешқашан естен шығармаған абзал. Жастардың бойына ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру – көпке ортақ абыройлы іс.

Ризат ОЛЖАҒАЛИ,  
Талдықорған  
мамандандырылған тергеу  
сотының бас маманы - сот  
отырысының хатшысы.

## СТАЛКИНГ

## ОСЫ ҚЫЛМЫС БОЙЫНША 51 ІС СОТҚА ЖОЛДАНДЫ



Ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің бастығы Самат Аисов сталкинг қылмыс ретінде қарастырылған күннен бастап қанша іс сотқа жолданғанын айтты, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ IIM-нің Polisia.kz ақпараттық медиа-порталына сілтеме жасап.

Ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің бастығы Самат Аисовтың сөзінше, сталкинг қылмыс ретінде енгізілген күннен бастап сотқа 51 іс жолданған. Оның ішінде 36 іс бойынша күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған санаттағы істерді тергеп-тексеру IIM-нің бақылауында.

Осындай оқиғалардың бірі Батыс Қазақстан облысында тіркелді. Бұрынғы жұбайы әйелді жүйелі түрде қудалап келген: оған қайта-қайта қоңырау шалып, хабарламалар жазған, жаңа байланыс нөмірлерін тауып алған,

тұрғылықты жеріне келіп, күш қолданамын деп қорқытқан. Әйел телефон нөмірін ауыстырып, оны бұғаттағаннан кейін де ер адам түрлі аккаунттар мен нөмірлер арқылы жазуды жалғастырып, оның еркінен тыс байланыс орнатуға тырысқан. Бөкейорда аудандық соты ер адамды кінәлі деп танып, 100 сағат қоғамдық жұмыс жазасын тағайындады.

Астанада ер адам сталкинг жасағаны үшін сот шешімімен кінәлі деп танылды. Сот оған 100 сағат қоғамдық жұмыс жазасын тағайындап, моральдық зиянды өтеуді міндеттеді. Семейде де осыған ұқсас дерек тіркелді. 31 жастағы ер адам некеде бола тұра ұзақ уақыт бойы басқа бір қызды аңдып жүргені үшін жауапкершілікке тартылды.

"Осы орайда азаматтарымызға үндеу жасағымыз келеді. Егер сіз, жақындарыңыз немесе таныстарыңыз заңсыз қудалауға тап болса, оны еш жағдайда елеусіз қалдырмаңыздар. Қылмыстық әрекеттердің жолын кесу және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін дереу полицияға хабарлаңыздар", - деп толықтырды Ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің бастығы Самат Аисов.

Ішкі істер министрлігінің өкілі заңсыз сипаттағы қудалаудың кез келген түріне құқықтық баға берілетінін атап өтті.

## ЗАКОНОПРОЕКТ

## ХОТЯТ УСИЛИТЬ ЗАЩИТУ ТРУДОВЫХ ПРАВ РАБОТНИКОВ

Депутаты Мажилиса на пленарном заседании палаты 18 марта 2026 года одобрили в первом чтении законопроект, направленный на совершенствование трудового законодательства, передает корреспондент Zakon.kz.

Представил новеллы законопроекта депутат Арман Калыков. По его словам, документ разработан депутатами Парламента и направлен на совершенствование отдельных прав и гарантий в сфере труда.

«Законопроект предлагает расширить перечень принципов прав работников, включая гарантии защиты че-

сти, достоинства и неприкосновенности частной жизни работника. В современных условиях вопросы уважительного отношения к личности работника, защиты его репутации и личной жизни приобретают особую актуальность», — сказал мажилисмен.

Также предлагается уточнить порядок определения последнего рабочего дня, если он совпадает с периодом временной нетрудоспособности или социального отпуска работника.

«Законопроект предусматривает установление оплаты времени прохождения предсменного медицинского освидетельствования. Данная норма направлена на обеспечение справедливого подхода

к учету времени, которое работники затрачивают на обязательные процедуры, предусмотренные работодателем. Поскольку прохождение такого освидетельствования является требованием, связанным с выполнением трудовых обязанностей, важно, чтобы это время учитывалось и оплачивалось надлежащим образом», - пояснил депутат.

Законопроект предлагает дополнить Трудовой кодекс нормой о технических инспекторах по охране труда. Так, технические инспекторы вправе запрашивать информацию, посещать подразделения, участвовать в расследовании несчастных случаев и проверках, а также вносить предложения по улучшению

условий труда и участвовать в разработке актов по охране труда и иное предусмотренное законодательством.

«Также законопроектом предлагается закрепить обязанности местных органов управления обеспечивать реализацию государственной политики в области труда, безопасности и охраны труда. Принятие данной нормы позволит усилить роль местных исполнительных органов в обеспечении безопасных условий труда, повысить эффективность профилактики нарушений трудового законодательства и будет способствовать более надежной защите прав работников», - резюмировал Арман Калыков.

ПАРАЛИМПИАДА

# ЕРБОЛ ХАМИТОВТЫҢ АЛТЫН ЖӘНЕ ҚОЛА МЕДАЛІ

Милан-Кортина қысқы Паралимпиада ойындары Италияда 6-15 наурыз аралығында өтті. Оған 55 елден 600-ден астам спортшы қатысып, 79 медаль жиынтығы сарапқа салынды.

Ербол Хамитов пара биатлоннан 4,5 км қашықтықтағы із қуу жарысында мәреге бірінші болып жетіп, қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы атанды. Сондай-ақ ол пара шаңғы жарысынан 1500 метрге классикалық спринт жарысында қола медаль жеңіп алды.

Спортшыны айтулы жетістігімен мемлекет басшысы құттықтады, деп жазады KAZ.NUR.KZ Ақордаға сілтеме жасап. Президент спортшының табанды еңбек пен ерік-жігердің арқасында қиын жолды еңсеріп, керемет жетістікке қол жеткізгенін атап өтті. Бұл – шынайы құрметке лайық. Қазақстан құрама командасының ту ұстаушысы бұған дейін шаңғы жарысынан Паралимпиаданың қола жүлдегері атанған болатын. Қасым-Жомарт Тоқаев Ербол Хамитовке жарқын жеңіс, қажымас қайрат және зор денсаулық тіледі.



Ұлттық Олимпиада комитетінің басшысы Геннадий Головкин Паралимпиада ойындарының жеңімпазы Ербол Хамитовқа жүгінді, деп хабарлайды Zakon.kz. 2026 жылғы 16 наурызды Головкин өзінің Instagram парақшасында спортшы Хамитовпен түскен суретін жариялады. "Ербол Хамитовты 2026 жылғы Паралимпиада ойындарында жеңіп алған

алтын медалімен шын жүректен құттықтаймын! Керемет өнер көрсетті. Бұл дүбірлі додада пара биатлоннан жеңіске жетіп, пара шаңғы жарысында қола медаль иеленуі – табанды еңбектің, қайсар мінез бен мықты рухтың жемісі", - деп жазды ол. ҰОК басшысы Ерболдың жеңісіне шын жүректен қуанышты екенін айтты.

Паралимпиада ойындарының чемпионы әрі қола жүлдегері Ербол Хамитов елге оралғандығын хабарлады Туризм және спорт министрлігіне сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ.

Спортшыны елорда әуежайында жанкүйерлері, туғантуыстары және спорт саласының өкілдері қарсы алған. Ербол Хамитов пен ұлттық құраманың спортшыларын Туризм және спорт

министрі Ербол Мырзабосынов және Ұлттық паралимпиада комитетінің өкілі Бахыт Сапаров құттықтаған.

"Бүгін еліміз үшін қуанышты күн. Тарихымызда алғаш рет Паралимпиада ойындарында пара биатлоннан алтын медаль жеңіп алып, оған қоса бір Паралимпиадада екі бірдей медаль еншіледік. Бұл нәтиже – ерен еңбек пен тыңғылықты дайындықтың, мықты рухтың көрінісі. Осы ойындарға ұлттық құрама 7 спортшымен 2 спорт түрінен қатысып, жалпыкомандалық есепте 18-орынға тұрақтады. Спортшылардың әрқайсысы ел намысын абыроймен қорғады. Біз сіздермен мақтанамыз", - деді Ербол Мырзабосынов.



Сондай-ақ министр бапкерлер құрамының еңбегін де атап өткен. Шара барысында Ербол Хамитовқа екі бөлмелі пәтердің кілті табысталған. Спортшы да жанкүйерлеріне алғысын айтып, арман-мақсатқа адал болу керектігін жеткізген. Ол бұл жетістік алдағы уақытта бұдан да үлкен нәтижелерге жетуге шабыт беретінін айтады.

## БОЗ КІЛЕМДЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, Тараз қаласында еркін күрестен өтіп жатқан 23-жасқа дейінгі жастар арасында жетісулық балуандар боз кілемде белсенділік танытты. Атап айтсақ, 86 келіде Абылайхан Узембаев жеңімпаз атанды. Абылайхан финалдық кездесуінде Навруз Ахметхановты 3:0 есебімен жеңіп, ел чемпионы атанды.

Ал, 65 келі салмақ дәрежесінің финалында Жетісу облысының балуаны Шаттық Алайдар мен Алматы қаласының өкілі Ильмар Азулаев кездесті. Белдесу басталысымен белсенділік танытқан Шаттық Алайдар қарсыласын кілем шетінен шығарып, алғашқы ұпайын еншіледі. Артынша қарсыласының артына өтіп, тағы да есепті еселей түсті. Кейін тағы бір мәрте кілем шетінен шығарып, бірінші кезеңді 5:0 есебімен аяқтады. Екінші кезеңде жетісулық балуан қарқынын үдетіп, шабуылдарын үзіліссіз жалғастырды. Қарсыласының артына өтіп, партерде қатарынан екі рет аудару (накат) әдісін сәтті орындады. Нәтижесінде Шаттық Алайдар айқын басымдық орнатып, белдесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Осылайша, жетісулық балуан 65 келіде Қазақстан чемпионы атанды.

Облысымыздың намысын абыроймен қорғап, мерейі үстем болған қос қыранымызды жеңістерімен құттықтай отырып, болашақта да жеңісті жолдарын жалғастыра түсуге тілектестік білдіреміз!



САРҚАН АУДАНЫ

## ТАБЫСТЫҢ ТАЙҚАЗАНЫН ТАСЫТА ТҮСПЕК...



Сарқан өңірінің спортшылары жылма жыл жоғары жетістіктерге жетіп, көптеген дүбірлі додаларда облыс намысын абыроймен қорғап келе жатқаны баршаға аян. Қалыптасқан дәстүр бойынша биылғы жылдың алғашқы айларында қатысқан жарыстарында сарқандық саңлақтар топ жарып, жеңіс тұғырына да көтеріліп үлгерді. Енді сөзіміздің дәлелді болуы үшін бірер мысал келтіре кетейік.

2026 жылдың 13-16 наурыз аралығында Талдықорған қаласында Бочадан өткен ашық республикалық турнирге



бас жүлдеге ие болу үшін кілең мықты спортшылар жинады. Аталған республикалық турнирге Сарқан ауданының спортшылары қатысып, белсенділік көрсетіп, топ жарды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Жетісу облыстық мәслихатының басшысы, Жетісу облысының Бочка федерациясының президенті Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева құттықтап, марапаттады. Жарыс нәтижесі бойынша: Нүсіпқали Талғат – жарыс жеңімпазы атанды. Сонымен қатар, Прищепа Элина мен Чаек Анель II орынға

ие болса, Дәулетбай Оразбек III орынды қанжығалады.

Ағымдағы жылдың 9-18 наурыз күндері Тараз қаласында ерлер және әйелдер күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Чемпионатқа Сарқан ауданының спортшылары қатысып жақсы нәтиже көрсетті. Атап айтсақ 86 кг салмақ дәрежесінде Үзенбаев Абылайхан Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. 97 кг салмақ дәрежесінде Токтар Нүрсейіт III орынды қанжығалады. Сонымен қатар әйелдер күресі бойынша жасөспірімдер арасында



да Ануарқызы Мәлика 51 кг салмақ дәрежесінде II орынға ие болып, күміс жүлдені қанжығалады.

Осылайша, Сарқан ауданының спортшылары биылғы жылы да табыстың тайқазанын тасыта түсуге сенімді қадам жасады.

Ш.БАТОВ.

Қасиетті алқа	Түйе атасы	Дағдарыс	Күміс тас екен	Курникова	Торайғыров	Мақтамайы	Әже өрмегі	Саз аспабы	Аса, тіпті	Жоқ сан	Луи ...	Гектар	Шебер	Еркелету сөзі
Шопан көмекшісі							Мез мейрам			Егін «қорегі»	Кристи			
Тау құсы	Био өріс	Балшық			Ж.Айжанованың қызы	Жайма	Табак, қазан			Жалау			Жер серігі	
		Өсімдік зерттеуші	Мейірім							Улы бақа		Қабанбай	Ізгілік	
Шаттық				Азап		... жұрт	Шығу тегі	Агнола						
Інген				Самауыр мұржасы						Биік	Туран дала-сындағы теңіз			
		Аттың «туфли»	Лилия гүлі	«... сулу» (роман)				Науа		Күз айы				
Қамба	Төрі				Кондиртерлік ас	Жайма	Қырғыз жыры	Шырша				Мұғалім		
Қазақстанның көмірлі қаласы								Кеңес өскері		... құп				Ритм
Өн, би, сурет, ...	Өлем				Моңғол малшысы					Тәубе	Ленинград музейі	Көмір, ағаш		
Емхана бөлмесі					Зер		Мәскеу көшесі	Гүл аты				Тор	Қарт	Ташкент базары
Садақа	1 жасар қой	Кешкі мезгіл	София ...						Шам			Үлкен бауыр		
		Кіші бауыр		Құранды жатқа оқушы					Мадрид клубы	... дария			Ағаш	
Қазақстан-ғы өзен				Ауыл көлігі					Жамылғы	Жарыс басы		Қос мекенді		
Ұшты ағаш		Африка өзені			Дерігер киімі					... пас		Қолғап	Ерке мінез	Ұлт аты
Ердің жасы ...	Нота	Ұя		Тоғай				Шатырдың асты						... Радиона
		Серуен қайығы	Алғашқы нота		Конверт		Келік «үйі»					Вулкан		
Тап-таза	Жалға беру	Ресей теларнасы	Деу, зор		Қабырға	Майнез	Лиза	Жұп сан	Бал жинау	3,14	Безер			
Өзбектің жаман аты			Әуен	Мәрмәр тас					... Роллан				Крис ...	
				Ауыл шаруашылық маманы						Жыр	Той бұлбы	Думан	Түрік ақшасы	
«Балғым ... сол ...» (Абай)			Көк					Ішкен адам		Саз жанры	Йошкар ...			
Денді-дақыл	Совхоз бөлімшесі			Хим. элемент	Статья									... мусей
		Қымыз ыдысы				Салек-сандр	Белке, күлше				Италия	Ағаш кесу құралы	Күн құдайы	
Тентек	Тамақ	Соңғы нота	Лаос өзені	... Скала		... Йорк	Асығыс							
Несібе	Өнерпаздар тобы					Би қадамы	Папа бас киімі							Ешкі төлі
		Қызнақ			Жыртқыш аң		Зымиян					Кішкене құс		

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**  
**Выполним отделочные работы:**  
 - Черновой левкас  
 - Леонардо, мокрый шелк  
 - Откосы, тиккурила и все другие отделочные работы. Качество и выполнение в срок гарантируем.  
**Тел. 8701 785 99 94; 8708 551 20 83.**

**АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ**  
 Талдықорғанда алдағы 10 күнде (19-28 наурыз) ауа райы құбылмалы болады: күндіз ауа температурасы +9°C – +15°C аралығында жылынып, түнде төмендейді. Наурыздың үшінші онкүндігінде жаңбыр жауып, кей күндері бұлтты және желді ауа райы күтіледі, жел жылдамдығы шамамен 2-5 м/с.  
 Талдықорған қаласына 10 күндік ауа райы болжамы (шамамен):  
 • 19 наурыз (бс): +9°C / +1°C, ашық бұлтты.  
 • 20 наурыз (жм): +9°C / +2°C, көшпелі бұлтты.  
 • 21 наурыз (сб): +12°C / +3°C, ашық.  
 • 22 наурыз (жс): +13°C / +4°C, ашық.  
 • 23 наурыз (дс): +12°C / +3°C, көшпелі бұлтты.  
 • 24 наурыз (сс): +15°C / +5°C, күн ашық.  
 • 25 наурыз (ср): +9°C / +2°C, жаңбыр.  
 • 26 наурыз (бс): +11°C / +3°C, бұлтты.  
 • 27-28 наурыз: +10...+12°C шама-сында жылы, бұлтты.  
**Нақтылау: Ауа райы болжамы өзгеруі мүмкін, сондықтан күнделікті жаңартуларды қарап отырған да артық етпейді.**

**Считать недействительным утерянный бланк ИБР Россия № 0294590 за 2026 год ТОО «Жібек жолы» БИН 230540011634**

**ЗАҢ**

**СОТ САРАПШЫЛАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Сот төрелігі жүйесінде сот сарапшысының орны бөлек. Ол — жай ғана зертхана маманы емес, шындық пен жалғанның аражігін ашатын бейтарап зерттеуші. Оның әрбір қорытындысының артында адам тағдыры мен заңның үстемдігі тұрғандықтан, сарапшыға жүктелетін жауапкершілік те, оның кәсіби біліктілігіне қойылатын талап та өте жоғары.  
 Сот сарапшысының кәсіби этикасы құрғақ ережелер жиынтығы емес, зерттеудің шынайылығын қамтамасыз ететін негізгі тетік болып табылады. Оның жұмысының басты шарты — толық тәуелсіздік. Маман ешкімге, мейлі ол тергеуші, адвокат немесе іске қатысушы тараптар болсын, бағынышты емес. Оның жалғыз бағдары — заң мен

ғылыми фактілер. Кез келген сыртқы қысым немесе мүдделер қақтығысы сараптама-ның құнын жойып, әділдіктің орнауына кедергі келтіреді. Осы орайда объективтілік пен ақпараттың құпиялылығы да алдыңғы қатарға шығады. Маман өзіне ұсынылған барлық материалдарды, тіпті олар алғашқы болжамдарға қайшы келсе де, жіті зерттеуге міндетті. Деректерді әдейі жасыру немесе оларды біржақты түсіндіру кәсіби этиканы ерескел бұзу болып саналады. Сонымен қатар, зерттеу барысында белгілі болған мәліметтер соттың ресми шешімі шыққанға дейін жария етілмейді, бұл — азаматтардың құқығы мен тергеу мүддесін қорғаудың кепілі.  
 Сарапшының қызметі тек терең кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар жоғары психологиялық төзімділікті талап етеді. Оның

жұмыс процесі күрделі интеллектуалды талдаудан тұрады. Маман зерттеу жүргізу кезінде объективтілікті сақтап, алдын ала қалыптасқан біржақты тұжырымдарға сүйенбеуі тиіс. Ол тек негізгі болжамды растайтын мәліметтерді ғана емес, сол нұсқаны теріске шығаратын айғақтарды да жан-жақты зерделеуге міндетті. Сарапшының ойлау жүйесі сыни бағытта болып, кез келген тұжырымы ғылыми тұрғыдан дәлелденген жағдайда ғана жарамды деп танылады. Эмоционалды тұрақтылық та бұл мамандық үшін өте маңызды қасиет. Қылмыс материалдарымен және жағымсыз ақпараттармен күнделікті жұмыс істеу маманнан «суық ақылды» сақтауды талап етеді. Кез келген ауыр жағдайда сезімге бой алдырмай, ойдың анықтығы мен іс-қимылдың дәлдігін сақтай білу — кәсібиліктің биік белгісі. Өз

қорытындысының үкімге негіз болатынын түсінуден туындайтын моральдық жүк сарапшынан үлкен психологиялық дайындықты қажет етеді.  
 Бүгінгі таңда сараптама сапасы — құқықтық мемлекеттің шынайы айнасы. Әңіріміздегі сот істерінің әділ шешілуі мен дәлелдемелік базаның мықтылығы осы мамандардың адалдығына тікелей байланысты. Мұнда кәсіби деформацияға немесе салғырттыққа ешқандай жол берілмейді, өйткені әрбір құжаттың артында заңдылық пен адам тағдыры тұр. Қатаң адамгершілік принциптерімен нығайтылған ғылыми тәсіл ғана сот сараптамасын азаматтардың құқықтарын қорғаудың сенімді құралына айналдырады.  
**А.Е.ТӨҒІРБЕРГЕНОВА,**  
 сот медициналық сарапшысы

**Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы**



**Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ**  
 Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ  
 Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА  
 Редакция алқасы: Гүлнұр БАЙМҰХАН — редактордың орынбасары Сембек ӘБДІРАХМАНОВ — Тілші  
 Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

**Алатау**  
 Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.  
 Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.  
 Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.  
 Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru Сайты: alatau\_gazeti  
 Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.  
 Таралымы 2000 Тапсырыс № 290 Индекс 15534